

**TOSHKENT DAVLAT PEDAGOGIKA UNIVERSITETI
HUZURIDAGI PEDAGOG KADRLARNI QAYTA
TAYYORLASH VA ULARNING MALAKASINI
OSHIRISH TARMOQ MARKAZI**



ONA TILI VA ADABIYOTI (QOZOQ TILI)

**Qozoq tili va adabiyotining dolzarb
muammolari hamda zamonaviy yutuqlari**

**MODULI BO'YICHA
O'QUV-USLUBIY
MAJMUA**

TOSHKENT

Бұл оқу-әдістемелік кешен Мектепке дейінгі және мектеп білімі министрлігінің 2023 жыл “25”-августдағы 391-санды бұйрығымен бекітілген оқу жоспары және бағдарламасы негізінде істеп шығылған.

Түзушілер: **Е.Абдувалитов** – Низами атындағы ТМПУ,
“Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы профессоры,
п.ғ.д. (DSc)

Д.Дуйсабаева – Низами атындағы ТМПУ,
“Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы доценті

Пікір жазған: **А.Қалдыбекова** – Низами атындағы ТМПУ,
“Жалпы педагогика” кафедрасы профессоры, п.ғ.к.

Оқу-әдістемелік кешен Ташкент мемлекеттік педагогика университеті Кеңесінің 2023 жыл “27”-июндағы 11 -санды қаулысымен баспаға ұсынылған.

МАЗМҰНЫ

I. КІРІСПЕ	4
II. ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУ МАТЕРИАЛДАРЫ.....	9
III. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ.....	86
IV. ГЛОСАРИЙ	92
V. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	96

I. КІРІСПЕ

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жыл 7 февралдағы ПЖ-4997-санды Жарлығымен бекітілген “2017-2021 жылдары Өзбекстан Республикасын одан ары дамыту бойынша бес үстем бағыты бойынша Әрекеттер Стратегиясында” ұлттық кадрлардың бәскелестігі және әлемдік жүйеге негізделген жоғары оқу орындарының ұлттық жүйесінің сапасын арттыру, Болонья үдерісі қатысушы мемлекеттердің дипломдарын өзара тән алуға, оқытушы және студенттердің академиялық ұтқырлық бағарламасын жүзеге асыруға көмектесетін 1999 жылы 19-июнда Болонья декларациясына қосылу мәселесін көріп шығу белгіленген.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 8 қазандағы Жарлығымен бекітілген «Өзбекстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін 2030 жылға дейін дамыту концепциясына» сәйкес, мемлекетіміздегі жоғары біліммен қамту деңгейін арттыру, халықаралық стандарттар негізінде өз бетінше шешім қабылдай алатын жоғары білікті, шығармашыл және жүйелі ойлайтын кадрларды даярлау, олардың интеллектуалдық қабілеттерін таныту және рухани кемел тұлға ретінде қалыптасуы үшін қажетті жағдайлар жасау айқындалды. Сондай-ақ, еліміздің барлық саласында реформаларды жүзеге асыруды, адамдардың дүниетанымын өзгертуді, жетілген, заман талабына сай маман кадрлар даярлауды өмірдің өзі талап етіп отыр. Республикада білім беру жүйесін нығайтып, оны уақыт талабымен үйлестіруге үлкен мән берілуде. Бұл ретте маман кадрларды даярлау, оқыту және тәрбиелеу жүйесі реформалар талаптарымен тығыз байланысты болуы маңызды. Заман талабына сай маман кадрлар даярлау, білім беруді және оның барлық құрылымдарын мемлекет талабы негізінде жетілдіру – біздің алдымызда тұрған өзекті мәселелердің бірі.

Жұмыстық бағдарламада “Қазақ тілі және әдебиетінің өзекті мәселелері мен заманауи жетістіктер” модулі бойынша тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының жаңа бағыттары, тіл білімінде парадигма ұғымы, қазақ тіл білімінің антропоцентристік дамуы, тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыдан бүгінгі күндегі даму бағыттары мен ұстанымдары туралы мәлімет беруді көздейді.

Модулдің мақсаты және міндеттері:

Модулінің мақсаты: қайта даярлау және білімін жетілдіру курсы тыңдаушыларының қазіргі таңдағы тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының жаңа бағыттары туралы білім, ептілік және дағдыларын қалыптастырудан тұрады.

Модулдің міндеттері:

- тіл білімінің өзекті мәселелерін үйрену;
- әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін үйрену;
- тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының жаңа бағыттарын анықтау;
- әдебиеттану ғылымының жанрлық тұрғыдан даму басқыштарын үйренуден тұрады.

Модул бойынша тыңдаушылардың білім, ептілік, дағды және компетенцияларына қойылатын талаптар.

“Қазақ тілі және әдебиетінің өзекті мәселелері мен заманауи жетістіктер” модулін меңгеру үдерісінде:

Тыңдаушы:

- тіл білімінің жаңа бағыттары жайлы;
- тіл біліміндегі прадиigma жайлы;
- қазақ тіл білімінің антропоцентристік дамуы;
- әдебиеттану ғылымының даму бағыттары;
- қазақ поэзиясының даму басқыштары;
- қазақ прозасының даму ерекшеліктері;
- қазақ драматургиясының даму басқыштары туралы **білімдерге ие болуы**

керек;

- тіл білімі ғылымындағы жаңа бағыттарды меңгеру;
- қазақ тіл білімінің антропоцентристік даму бағыттарын үйрену;
- әдебиеттану ғылымындағы жаңа бағыттарды меңгеру;
- көркем туындыларды әдеби талдау;
- көркем шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін тану **дағдысына ие**

болуы керек;

- қазақ тілі біліміндегі жаңа бағыттарды анықтау;
- қазақ тіл білімінің антропоцентристік даму бағыттарын анықтау;
- әдебиеттану ғылымының даму бағыттарын анықтау;
- көркем туындыларды талдау әдістерін анықтау **іскерлікке ие болуы**

керек;

- көркем туындылар арқылы студенттерді ғылыми дүниетанымын және шығармашылық ойлауын дамыту;

- көркем туындының талдау әдістерін іздестіру және іс-жүзінде қолдану;

- сабақ процесінде студенттердің ауызша және жазбаша тілін дамыту

компетенцияларын дамытуға қаратылған тиімді әдістер тізімінен мақсатты пайдалана алу **компетенцияларына ие болуы** керек.

Модулдің оқу жоспарында басқа модулдермен байланыстылығы мен үздіксіздігі

“Қазақ тілі және әдебиетінің өзекті мәселелері мен заманауи жетістіктер” модулі бойынша жаттығулар оқу жоспарындағы “Оқу процесінде сандық технологиялардан пайдалану”, “Кәсіби компетенцияларды дамыту” сияқты модулдерімен үздіксіз байланыста алып барылады.

Модулдің жоғары оқу орындарындағы орны

“Қазақ тілі және әдебиетінің өзекті мәселелері мен заманауи жетістіктер” модулі тіл білімі және әдебиеттану негіздеріндегі жаңа бағыттарды үйрену, талдау, өмірде қолдану және қорытынды шығаруға тиісті кәсіби компетенцияға ие болады.

Модул бойынша ажратылған сағаттар жүктемесі

№	Модул бойынша тақырыптар	Аудитория оқу жүктемесі		
		Жалпы	Теориялық жағтығу	Практикалық жағтығу
1.	Тіл білімінде парадигма ұғымы.	4	2	2
2.	Қазақ тіл білімінің антропоцентристік дамуы.	6	2	4
3.	Әдебиеттану ғылымының жаңа бағыттары.	4	2	2
4.	Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыдан дамуы.	8	4	4
	Жалпы:	22	10	12

ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ

1-тақырып: ТІЛ БІЛІМІНДЕ ПАРАДИГМА ҰҒЫМЫ. (2 сағат)

Ғылыми парадигма ұғымы. Тіл біліміндегі парадигма ауысымын анықтайтын факторлар. Тіл білімінің қазіргі кезеңдегі мәселелері. Тілдің парадигмалық айрықша белгілері. Тіл білімімен байланысты жаңа ғылымдар парадигмасы: лингвогносеология, элеуметтік лингвистика, психолінгвистика, нейролінгвистика, лингвопраксеология, лингвомәдениеттану, этнолінгвистика, лингвопалентология.

2-тақырып: ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТРОПОЦЕНТРИСТІК ДАМУЫ. (2 сағат)

Антропоэзектік бағыттың қазақ тіл білімінде қалыптасуы, зерттеу нысаны. «Тілдегі адам» немесе «адамның тілі» проблемасының антропоэзектік бағыт бойынша зерттелу сипаты. Бұл бағыттың лингвистиканы ғылымның басқа салаларымен жалғастырудағы рөлі, маңызы. Негізгі қағидаттары мен ұстанымдары. Ұлттық сана, оның тілдегі көрінісі.

3-тақырып: ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ. (2 сағат)

Әдебиет – сөз өнері. Барлық сөзді тізе берсең әңгіме, жыр шықпайды. Адам жүрегі тербетіп, ақыл таразылап, тіл кестелеп айтқан сөз орнында тұрса ғана әдебиет деген өнер пайда болады. Ғылыми тұжырымда әдебиет «адамтану құралы», ал әдебиет пәні «адам тәрбиелеу құралы», - делінген. Өйткені, ғылыми педагогикалық ұстаным бойынша әдебиет әдебиет пәні философиялық, педагогикалық, негізінен ұлттық ізгілікті, психологиялық, тұғырламалық мәдени – рухани көзқарастарға құрылса құндылықтарға құрылған.

Әдеби процесс – әдеби даму. Көркемдік даму заңдылықтары. Адамзат мәдениетіндегі сабақтастық. Әдеби даму және дәстүр жалғастығы. Классицизм, романтизм, реализм, модернизм және постмодернизм бағыттары туралы.

4-тақырып: ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ДАМУЫ. (4 сағат)

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасының көркемдік деңгейін көтеруге Ш.Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, Қ.Түменбай, Ә.Тарази сынды қаламгерлер үлес мол. Мысалы, Ш. Мұртазаның шағын жанрды ұмыт қалдырмай, оған өзіндік үлес қосып жүргендігін «Алапар мен Динго», «Бұршак», «Тәуекел той» сықылды әңгімелері растайды. Қ. Жұмаділовтің «Жалдамалы күйеу», «Жемдеген қырғауылдар», «Кұдайдың үйі», «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тіленші» (2000), «Бұқарбайдың бұқасы» (2000), «Ит базары» (2001) секілді әңгімелерінің негізгі өзегі де бүгінгі күннің оқиғалары, кейіпкерлері жаңа заманның адамдары.

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ

1-практикалық жұмыс: ТІЛ БІЛІМІНДЕ ПАРАДИГМА ҰҒЫМЫ. (2 сағат)

Парадигма, парадигматика ұғымдарына анықтама жасау. Морфологиялық парадигманы танудың басты белгілері мәлімет топтау. Тіл біліміндегі парадигма ұғымына байланысты еңбектерге талдау жасау.

2-практикалық жұмыс: ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТРОПОЦЕНТРИСТІК ДАМУЫ (4 сағат)

Антропоцентризм дегеніміз не? Прагматизм дегеніміз не? Тілдің танымдық қызметі жайлы отандық ғалымдардың пікірлерін үйрену. «Адам баласының тілі – адам санасының жемісі» жайлы ой толғау. Ә.Қайдардың «Тіл–Этнос–Таным» мәселелері бойынша пікірін үйреніп өз ойыңызды айту.

Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулер әлем ғалымдарының еңбектерді талдау.

3-практикалық жұмыс: ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР (2 сағат)

Әдеби процесс – әдеби даму. Көркемдік даму заңдылықтары. Адамзат мәдениетіндегі сабақтастық. Әдеби даму және дәстүр жалғастығы. Дәстүрді шығармашылықпен игерудің жаңашылдыққа әкелетіндігі, ал жаңашылдықтың негізінде жаңа дәстүр туындайтындығы туралы ұғым.

4-практикалық жұмыс ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ДАМУЫ. (4 сағат)

Тәуелсіздік жылдардағы қазақ поэзиясы, прозасы және драматургиясының даму басқыштары. Олардың өзіне тән ерекшеліктері. Тәуелсіздік кезіңіндегі қазақ прозасындағы ұлттық идеяның әлеуметтік талдау пайымымен көркем бейнеленуі жан–жақты сөз болған. Қазіргі қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңестік жүйе кезіндегі жазбақ түгілі айтуға болмайтын «жабық» тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік деңгейін көтеруге Ш. Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, Қ.Түменбай, Ә.Тарази, Ә.Асқар сынды қаламгерлер үлес қосты.

Драматургия шығармалары қаламгерлердің тарихи кезеңдердегі халық тағдырын көркем шындық поэтикасы заңдылықтары аясында бейнелеуімен ерекшеленеді. Драматургия туындылары (пьесалар, спектакльдер, либреттолар) арқылы әдеби тек саласы драма жанрларының (драма, трагедия, комедия) теориялық ерекшеліктері саралана айқындалады. Драматургия ұғымының аясында театр сахналарындағы туындылар мен деректі, ғылыми-фантастикалық, көркем фильмдердің де қойылымдық-режиссуралық көркемдік шешім ерекшеліктері айқындалады.

ОҚЫТУ ҚАЛЫПТАРЫ

Бұл модуль бойынша төмендегі оқыту қалыптарынан пайдалану:

- лекциялар, практикалық жаттығулар, (ақпараттар мен технологияларды меңгеру, теориялық білімдерді бекіту);
- дөңгелек стол (берілген тапсырманың шешімі бойынша ұсыныстар беру қабілетін арттыру, тыңдау, сезіну және логикалық қорытынды шығару);
- пікірталас (берілген тапсырмалар бойынша анық фактілер мен нақты аргументтерді ұсыну, тыңдау және проблемалардың шешімін табу қабілеттерін дамыту).

II. ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУ МАТЕРИАЛДАРЫ

1-ТАҚЫРЫП: Тіл білімінде парадигма ұғымы

Жоспар:

1. Ғылыми парадигма ұғымы

2. Тіл білімінде парадигманың айшықтау белгілері

Тірек ұғымдар: парадигма, морфологиялық парадигма, Сөз тіркесі парадигмасы, лексика-грамматикалық, лексика-семантикалық, дистрибуция, синтагма, инвариант

Ғылыми парадигма ұғымы

Тіл жүйесіндегі парадигмалық және синтагмалық қатынастарды сипаттауды біз әріден бастағымыз келіп отыр. Өйткені есімшелердің тіл жүйесіндегі жұмсалыу парадигмасы деген мәселе жалпы тіл білімінде алғаш рет сөз болғалы отыр. Парадигманың лексикалық морфологиялық және синтаксистік түрі жөнінде жалпы тіл білімінде бұрыннан сөз болып келе жатқандығы мәлім. Ал жеке бір функционалдық тұлғаның парадигмасы деген мәселеге әлі ешкім көңіл аударма қойған жоқ. Бұл мәселе алғаш рет 2000 жылы көсемшенің жұмсалыу өрісіне қатысты қолданылған болатын. Біз де осы ізбен есімшенің тіл жүйесіндегі жұмсалыу парадигмасын анықтамақшымыз. Ол үшін жалпы *парадигма ұғымына* кеңірек тоқталып өтуді жөн көрдік.

Парадигма грек сөзі (paradigma). Тура аударғанда үлгі деген мағынаны береді. Тіл білімінде бірнеше мағынада қолданылады:

1) кең мағынада бір-бірінен ерекшеленіп келетін, сонымен бірге бәріне ортақ белгілері арқылы біріккен кез келген тілдік бірліктер тобы,

2) осындай топтар мен жиынтықтардың жасалу моделі (үлгісі) мен схемасы (сызбасы). Тіл бірліктері тобының жүйесіне қарай парадигма морфологиялық, синтаксистік, лексикалық және сөзжасамдық болып жіктеледі.

Кең мағынада алғанда біз бұған тіл жүйесіндегі фонетикалық парадигманы да қосар едік. Тілдің ең кіші бірлігі фонема дейтін болсақ. Олар

да қатарлық (тармақтық) қатынаста болатындығы белгілі. Мәселен, қазақ тілінде дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке қатары бар екендігі белгілі. Бұл парадигмалық қатар осы ұғымға қойылатын талаптарға толық сай келеді. Айталық жуан және жіңішке қатарлар бір тізбектің бойында қатар келе алмайды. Яғни қазақтың төл сөздері я жуан, я жіңішке ғана айтылады. Бұл парадигма талаптарының бастыларының бірі. Мәселен, септік жалғаулары бір синтаксеманың бойында қатар келе алмайды. Немесе бір сөз бірден жекелік және көптік тұлғада тұра алмайды және т.б.

Тілдегі парадигмалық қатынастардан парадигматика пайда болған. Парадигматика тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің вертикаль (тік) қалпындағы қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы (тарауы).

«**Парадигма**» ұғымы тіл білімі салаларының ішінде, әсіресе морфология саласында кеңінен қолданылады. Морфологиялық парадигманың көлемі мен сипаты әртүрлі болып келеді. Мысалы, жіктеу есімдігінің парадигмасы:

мен
сен (сіз)
ол

– деп көрсетуге болады. Жіктік жалғауының парадигмасы деп:

келемін
кетесің(сіз)
кетеді

– деген етістіктің жіктелу қатарын көрсетуге болады және т.б. Морфология саласында «**парадигма**» ұғымының кең қолданылатын жері морфологиялық категориялар. Септік категориясын құрайтын септік формаларының парадигмасы (парадигмалық қатары) деуге болады. Белгілі бір тілде, мәселен қазақ тілінде қанша морфологиялық категория бар болса, сонша парадигмалық қатар бар деуге болады. Өйткені парадигма ұғымы жүйелік қатар дегенді білдіреді. Ал морфологияда категория болу үшін грамматикалық мағынаны білдіретін бірыңғай кемінде екі грамматикалық

форманың болуы шарт. Екі қатардан ғана тұратын категорияға қазақ тілінде көптік категориясын жатқызуға болады.

Дәстүрлі тіл бірліктерін жүйелеу барысында туындаған заңдылық және соған қойылған атау бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отыратындығы белгілі. Оған мысал көп, мәселен деривация термині ең алғаш лексика саласына қатысты қолданыла бастаған болатын кейін оның (деривацияның) тіл білімінде лексикалық, семантикалық және синтаксистік түрлері пайда болып, орныға бастады.

Инвариант, парадигма терминдері жөнінде де осыны айтуға болады. «Инвариант» термині алғаш рет фонетика саласына қатысты қолданылса, «парадигма» термині алғаш рет лексика саласына қатысты қолданылған. Бұл құбылысты өткен ғасырдың басында швейцар ғалымы Ф. Де Соссюр тілдегі мағыналық қатынастардың парадигмалық және синтагмалық қатары ретінде ұсынған еді.

Парадигматика парадигмалық қатынастарды, оларды топтастыруды, олардың таралу саласын қарастыратын тіл білімінің саласы ретінде ұғынылатын болса, онда оның тілдің деңгейлеріне де қатысы бар деп түсінген жөн. Мәселен, лексикалық парадигматика лексемалардың арасындағы түрлі қатынастарды қарастырады. Ондай қатынастар антонимдік немесе синонимдік болуы мүмкін. Кей лексемалар бір-біріне мағыналық жағынан жақын болса, кей лексемалар бір-біріне қарсы мағынада келеді. Міне осындай тармақтық қатынасты парадигмалық қатынас дейміз. Бұл парадигма ұғымының тілдің лексика саласындағы қолданылуының шегі емес. Оны кең мағынада кез келген топтауға сүйенілген лексемалардың қатары деп те қарауға болады (тақырыптық топтар, көп мағыналы сөздердің қатары, семантикалық топтар және т.б.). Бұл мәселенің сөйлеу тегриясына да қатысы бар. Сөйлеуші парадигмалық қатынаста тұрған лексемалардың бірін өз сөйлеу мақсатына қарай таңдап қолданады. Парадигматикалық қатынастар тілдік қолданыста, мәтін ыңғайында әрдайым бірдей бола бермейді. Олар айтушының санасы мен жадында сақталған ұғым мен тілдік элементтердің

арақатынасының көрінісі болып табылады. Олар бұл элементтердің сәйкестігін не грамматикалық тұлғаларға қарап, не мазмұнға қарап, тіпті осыларды тұлға мен мазмұнның екеуіне қарап байланыстыруы мүмкін.

Тіл білімінде парадигманың айшықтау белгілері

Морфологиялық парадигманы танудың басты белгілері: 1) сөздің (лексеманың) өзгеріссіз түрі; 2) қатар құрайтын сөзформалардың мағыналық және тұлғалық жағынан оппозициялық қатынаста болуы; 3)

Қазақ тіл білімінің сан салалы теориялық ұстанымдары бүгінгі күні тілдік зерттеулердің бағыт-бағдарын анықтауға, маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік беретіндіктен, олардың жалпы және жеке лингвистика шеңберіндегі өзіндік белгілерін сұрыптау, өзге ізденістер қатарында алар орнын нақтылау қажеттігі ғалымдардың алдына тың әрі көкейтесті проблемалар қойып отыр. Тілді диалектика-динамикалық құбылыс ретінде қарастыру, оның қоршаған әлеммен де, адамдық факторлармен де сабақтастығын зерделеу қазіргі қазақ лингвистикасының ұлттық сипатымен қатар, әлемдік лингвистика деңгейіне көтерілер биігін де айқындауға септігін тигізіп келеді. Осыған орай, қазақ тіл білімінің концептуалдық қоры мен әдіснамалық негізі де құнды зерттеулердің дүниеге келуін қамтамасыз етер алғышарттар қатарын құрауда. Қазақ топырағында қалыптасып, ғылымдар тоғысында шешімін тауып келе жатқан тілтаным теориясының ғылыми негізде дәйектелуі де сол үзілмес байланыстың белгісі болып табылады. Тіл табиғатын адам болмысымен, оның қимыл-әрекетімен ұштастыра талдаған қазақ тілшілерінің тіл мен таным ұғымдарына назар аударуын, олардың тоғысуынан бастау алатын ережелерге мән беруін де заңды сабақтастықтың нәтижесі деп бағалаған дұрыс, өйткені шынайы өмірді қабылдау, оның қырсырын ой таразысынан өткізе пайымдау, соның салдарынан жинақталар ақпараттар мен мәліметтерді жадыда сақталар қор ретінде жүйелеу – барлығы тілдік бірліктердің болмысын ішкі және сыртқы әсерлер тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді. Сөйтіп, құрылымдық принциптер

пәлсапалық, логикалық және танымдық қағидаларға ұласып, тіл ғылымының өрісі кеңейте түспек. Бұл күні қазақ тіл білімінің танымдық бағытын зерделеу, оның себеп-салдарын айғақтау, ғылыми-теориялық ұстанымдары мен ұғымдық бірліктерін жүйелеу әрі когнитивтік парадигма негіздерін анықтау өзекті тілдік мәселелер ретінде күн тәртібіне еніп келеді. Қазақ лингвистикасының тарихын тілтаным теориясының қалыптасуымен байланыстыру, соның негізінде жекеленген тұлғалардың тілтанымдық тұжырымдарымен танысу, сол арқылы қазақ халқының төл қазынасын құрайтын құндылықтарына зер салу, оларды зерттеу нысанына қарай арнайы бағыттарға топтап қарастыру – барлығы дерлік қазақ тіл біліміндегі когнитивтік ұстанымдардың бастамасын зерделеуге, олардың негізін әлемдік қордың бір бөлшегі есебінде бағалауға көмектеседі, яғни қазақ тіл білімінің тарихи негізінен бастау алатын тілтаным теориясы уақыт сұранысынан туындай келіп, қазіргі жалпы лингвистиканың көкейтесті мәселесіне айналғаны көпшілікке мәлім.

Тілді парадигмалық аспектіден қарастырудың лингвистикалық негізі Ф.де Соссюрдің идеясынан бастау алатындығы белгілі.

«Парадигма» термині екі ұғымда жұмсалады. Біріншісі – «синтагма» терминімен байланысты қарастырылып, синтагма арқылы анықталатын түрі. Аталған парадигма түрінің мүшелері тізбек бойында бір ғана синтаксистік позицияда, бір ғана орында тұрып, бірдей дистрибуцияда (тілдік қоршауда) бірін-бірі ауыстыра алады. Бұл парадигма түрі кең мағынада қолданылады, айталық, лексика-семантикалық топ, лексика-грамматикалық қатар, біркелкі сөзформалар және т.б.

Екінші түрінің сыңарлары тізбек бойында бір ғана орында тұрмайды, дистрибуциясы әр түрлі, сондай-ақ бірін бірі алмастыра алмайды. Бұл – жалпыға мәлім парадигманың дәстүрлі түрі. Мұнда парадигманы үлгі, мысал немесе бір сөздің түрлену жүйесі (септелуі, жіктелуі, тәуелденуі) ретінде қарастырады. Барлық лингвистикалық әдебиеттерде – сөздіктер, оқулықтар мен оқу құралдарында парадигманың осы түрі айтылған.

Мысалы, О.С.Ахманованың сөздігінде «Парадигма. 1. Совокупность флективных изменений, служащих образцом формообразования для данной части речи. 2. Совокупность форм слово изменения данной лексической единицы, совокупность словоформ, составляющих данную лексему» деп берілген.

Парадигма мен парадигматикаға «Тіл білімі сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «Парадигма гректің «мысал, үлгі» деген сөзі. Біріншіден, тілде олардың мүшесінің формалды немесе семантикалық ортақ принципі бойынша бір-біріне қарама-қарсы қойылған белгілі деңгейдегі лингвистикалық единицалардың (топтардың) жиынтығы. Екіншіден, жекелеген семантикалық белгілері және қарама-қарсы грамматикалық мағыналары бірігіп бір лексеманы білдіретін сөз формаларының жүйесі.

Парадигматика. 1. Адам санасында немесе жадында олардың формаларының немесе мазмұнының ортақтығына байланысты немесе бір мезгілде сол екеуінің ұқсастығы негізіндегі әлде бір әсерлер арқылы жинақталған және салыстыру қатынасына байланысты тіл жүйесінің элементтері ретіндегі лингвистикалық бірліктерді зерттеу аспектісі.

2. Лингвистикалық топтардың – парадигмалардың жиынтығын құрайтын тілдік жүйе»¹.

«Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» парадигма мен парадигматикаға толық анықтама берілген: «Парадигма (от греч. παράδειγμα – пример, образец) – 1) в широком смысле – любой класс лингвистических единиц, протовопоставленных друг другу и в то же время объединенных по наличию у них общего признака или вызывающих одинаковые ассоциации, чаще всего совокупность языковых единиц, связанных парадигматическими отношениями; 2) модель и схема

¹ Тіл білімі сөздігі / Ред. басқарған Э.Д. Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б., 267 б.

организации такого класса или совокупности; 3) в более узком смысле – синоним термина «морфологическая парадигма» (система форм одного слова).

Парадигматика 1) один из двух аспектов системного изучения языка, определяемый выделением и противопоставлением двух типов отношений между элементами и/или единицами языка – парадигматических и синтагматических; раздел науки о языке, занимающийся классификацией, определением области их действия и т.п.; противопоставляется синтагматике по типу изучаемых отношений и их группировок; 2) в более широком смысле – то же, что система языковая, понимаемая как совокупность лингвистических классов – парадигм; противопоставляется синтагматике как синониму понятия лингвистического процесса и текста».² Қазіргі тіл білімінде парадигма ұғымы тілдің барлық деңгейлеріне қатысты зерттеліп отыр. Соның негізінде

- фонемалық,
- акценттік,
- лексикалық,
- сөзжасамдық,
- морфологиялық ,
- синтаксистік парадигмалар қалыптасты.

Парадигма ұғымы өзінің генетикалық жағынан морфологияға тән және мұны көпшілік ғалымдар мойындайды. Оны сөздіктерде берілген анықтамалар да растайды. Морфологияда парадигма грамматикалық категория ұғымымен байланысты қарастырылады. Кез келген сөз түрлендіруші парадигма белгілі бір грамматикалық категорияны құрайды.

Синтаксистегі парадигматикалық ұғым да Ф.де Соссюрдің идеясымен сабақтасып жатады. Синтаксистік бірліктер – сөз тіркесі мен сөйлем

² Лингвистический энциклопедический словарь / Под ред. В.Н. Ярцева. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 682 с., 366 б.

синтаксистің негізгі нысандары болғанымен, екеуінің өзіне тән парадигмалық сипаты бар, әрі олардың парадигмасы аталған бірліктердің ерекшелігін көрсетеді. Кейбір ғалымдар синтаксистік парадигмаға сөйлем парадигмасын ғана алуды ұсынады. Сөз тіркесі парадигмасы морфологиялық парадигманың комбинациясы деген уәж айтады. Бұл пікірге қосылуға болмайтын сияқты, себебі тіл синтагмалық, парадигмалық және иерархиялық қатынаста тұрады. Сөз тіркесі парадигмасы морфологиялық (сөзформа) және синтаксистік (сөйлем) парадигманың арасындағы иерархиялық бір сатыны құрайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Парадигма ұғымы дегеніміз не?
2. Морфологиялық парадигманы танудың қандай белгілері бар?
3. Парадигматика дегеніміз не?
4. Синтаксистегі парадигматикалық ұғым дегеніміз не?
5. Парадигма қалай жіктеледі?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. Алматы, «Ғылым», 2002.
2. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы, 1998.
3. Жұбанов А. Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы. – Алматы, 2004.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010.

№	Тест сұрақтары	Дұрыс жауап	Қате жауап	Қате жауап	Қате жауап
1	Парадигма мәселесі төңірегінде пікір айтқан ғалымдардың бірі Е.С.Кубрякова -	парадигма белгілі бір үлгі бойынша нақты мәселелер мен олардың шешімін модельдеу идеясын қолдайды	бір парадигма көлемінде міндеттер өзіне дейінгі жетістіктерге сүйену мақсатында дәлелді жолмен айғақталуы қажет.	Парадигма» - салыстырмалы түрде тек кейінгі жылдары ғана қажеттілік тудырған концептілердің бірі.	«Парадигма» «еуропа ғылымында», нақтырақ айтқанда, роман, герман топтарында, орыс тілдерінде жүйелі түрде тек бір мағынада қолданылмаған.
2	Парадигманың жасалуына аса	Т.Кун	Е.С.Кубряков а	В.З.Демьянков	В.фон Гумбольдт

	қажет факторлардың ішінде «ғылыми қауымдастық» деген тіркесті қолданған ғалым ...				
3	Қазақ тілтаным ғылымының даму кезеңдерін айғақтайтын негізгі бес парадигма бөлініп қарастырылды. Содан I – кезең:	<i>«тілтану» парадигмасының қалыптасуы – XX ғасырдың 20-45 жж.; негізгі өкілдері: А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов және т.б.</i>	<i>тілдік бірліктердің танымдық парадигмасы – XX ғасырдың 45-70 жж.; негізгі өкілдері: Н.Сауранбаев, Ғ.Мұсабаев, М.Балақаев, І.Кеңесбаев және т.б.</i>	<i>тілтанымдық қағидалардың жалпы теориялық парадигмасы – XX ғасырдың 65-85 жж.; негізгі өкілдері: К.Аханов, Т.Қордабаев, Ә.Хасенов және т.б.</i>	<i>тілтанымдық этюдтер парадигмасы – XX ғасырдың 70 жылдары мен аяқ шені; негізгі өкілдері: Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Ә.Болғанбаев, және т.б.</i>
4	«Тіл – құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп бір өте үлкен машина секілді құрал» деген ғалым кім?	А.Байтұрсынұлы	Қ.Кемеңгерұлы	Қ.Жұбанов	Н.Сауранбаев
5	Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің вертикаль (тік) қалпындағы қатынасын зерттейтін тіл білімінің	Парадигматика	Синтагматика	Семиотика	Морфология

	саласы (тарауы) не деп аталады?				
6	Қай қатарда морфологиялық парадигманы танудың басты белгілері дұрыс көрсетілмеген?	айтушының санасы мен жадында сақталған ұғым мен тілдік элементтердің арақатынасының көрінісі	сөздің (лексеманың) өзгеріссіз түрі	қатар құрайтын сөзформалардың мағыналық және тұлғалық жағынан оппозициялық қатынаста болуы	оппозициялық қатынастың рекуррентті теңдестікте болуы
7	«Филология» термині нені білдіреді?	«Сөзді сүю»	«Сөзді дұрыс қолдану»	«Сөзді құбылтып қолдану»	«Сөздер сөйлейді»
8	Ат қою немесе атау теориясы дегеніміз не?	Зат атауларының пайда болу себептерін түсіндіретін теория.	Тіл білімінің алғашқы іргетасы саналатын теория.	Лингвистикаға қатысты ой-пікірдің бастамасы.	Тіл ғылымының даму кезеңі.
9	Мағыналық, құрылымдық жағынан бірыңғай болып келетін тұлғалар, біртектес элементтер тобы қалай аталады?	Морфема	Синтагма	Сегмент	Парадигма
10	Тілді өмір сүріп тұрған қалпы тұрғысынан қарастыратын тіл білімінің атауы:	Синхрониялық.	Когнитивті.	Салыстырмалы.	Диахрониялық.

2-тақырып: Қазақ тіл білімінің антропоцентристік дамуы

Жоспар:

1. Антропоцентризм ұғымы туралы
2. Тілдің танымдық қызметі
3. Компьютер лингвистикасы
4. Психолингвистика
5. Нейролингвистика
6. Этнолингвистика

Тірек ұғым: генеология, тарих, философия, әлеуметтану, психология, мифология, мәдениеттану, этнография, логика, лингвистикалық ықтималдық, когнитивтік, лингвомәдениеттанымдық, психолингвистикалық, социолингвистикалық, этнопсихолингвистикалық, прагматикалық, паралингвистика.

Антропоцентризм ұғымы туралы

Тілдердің генеологиялық туыстастығы мен өзара қарым-қатынасын, тілдік одақтар мен тілдік топтардың жалпы сипатын анықтауды дiттеген тарихи-салыстырмалы парадигма мен жекелеген тілдердің ішкі құрылымдық жүйесінің таза тілдік табиғатын ашуды көздеген құрылымдық-жүйелілік парадигмасының аясында тіл білімі ғылымының теориялық-методологиялық негіздемесі қаланып, аса құнды фундаментальді ғылыми еңбектер жарық көрді. Бірақ, бұл бағыттағы зерттеулерде тіл бірліктері ауқымды таңбалық схемаға бағындырылып, тілдік жүйенің өз ішінде қарастырылды. Тілдік бірліктердің адам баласының ойлауымен, таным әрекетімен, жасампаздық рухымен астасатын, сол арқылы «Руханият-Мәдениет-Өркениет» контексіне алып баратын терең қатпарларының табиғатына жеткілікті мән берілмеді. Адам, оның таным әлемі, салт-санасы, қоршаған ортасы мен ғасырлар бойы жинақтаған іс-тәжірибесі, рухани өресі т.б. экстралингвистикалық факторлар саналып, зерттеу нысанасынан тыс қалды. Бұл жағдай тіл білімі ғылымының жалпы гуманитарлық бағыттағы өзге ғылымдармен, қоғамдық-әлеуметтік

пәндермен тығыз байланысын әлсіретіп, лингвистикалық зерттеудің ғылыми методологиясындағы біржақтылықты (грамматикалық) қалыптастырды.

Адам мен тіл, адам мен дүние (материалдық), адам мен ғарыш, адам мен ғалам, мәдениет пен өркениет, ондағы адам орны сияқты жалпы адамзаттық мәңгілік мәселелердің қай-қайсысы болмасын тілді айналып өтпейтіні белгілі. Ақпараттық технология үстемдік етіп, жаһандану үрдісі кең қанат жайған қазіргі заман тілді «*Табиғат-Адам-Қоғам*» үштігі контекстінде, адам табиғатымен, этнос, ұлт, халық сияқты тілдік қауымдастықтың тарихи - мәдени, саяси-әлеуметтік өмірімен біртұтастықта қарастыруды талап етеді. Ендігі жерде тіл феноменін тілдің өз ішінде, тілдік жүйенің өзіндік заңдылықтары тұрғысынан зерттеу жеткіліксіз. Заман талабы тіл біліміне пәнаралық сипат дарытып, ғылыми зерттеудің антропоцентристік бағыттағы жаңа әдіснамасын жасауды міндеттейді. Мұнда лингвистикалық әдіс-тәсілдерді тарих, философия, әлеуметтану, психология, мифология, мәдениеттану, этнография, логика сияқты ғылым салалары қолданатын зерттеудің әдіс-тәсілдерімен тоғыстырудың маңызы зор.

Әлемдік және отандық тіл білімінің қазіргі таңдағы дамуы лингвистикалық зерттеулердің антропоцентристік бағыт алуымен, яғни тіл табиғатын зерттеуде тілдік ішкі жүйеліліктен антропоцентристік талдауға көшуімен сипатталады.

Антропоцентризм (греческ. *anthropos* – «адам», лат. *Centrum* – **орталық**) – адам феноменін Ғаламның басқа да феномендеріне қарсы қоя отырып, адамды ғаламның орталығы ретінде танытатын, дүниедегі болып жатқан процестердің мақсатын адам факторымен байланыстыратын ғылыми бағыт.

Антропоцентризмді философиялық көзқарас тұрғысынан П.С.Гуревич былай түсіндіреді: «Антропоцентризм – это воззрение, согласно которому человек есть центр Вселенной и центр совершающихся в мире событий. Многие философы исходили из данной мировоззренческой установки, полагая, что главная проблема философии – человек. Только

осознавая природу, сущность, предназначение человека, можно понять все другие философские проблемы, сколько их ни накопилось в течение множества веков».

Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулерде Хайдеггер-Риккердің «Адам дегеніміз – тіл» пікіріне сай, «тілдегі адам факторына» айрықша назар аударылып, «тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың ой-танымы мен сана-сезімінің құралы», тіл иесі этностың сан ғасырлық тәжірибесін жинақтаушы, қоғамдық білімін қордалаушы және оны келер ұрпаққа жеткізуші танымдық, мәдени, әлеуметтік феномен тұрғысынан сарапталады. Зерттеу нысаны таным объектісінен (тіл, сөзден) сол тілді тудырушы, қолданушы, жарыққа шығарушы адам – субъектіге ауыстырылып, тілдік конструкциялар дүниені «адам призмасы» арқылы көрудің, танудың дәйектемелік негізіне алынады, «тіл мен адамның» ара жігі бөлінбей, біртұтастықта сипатталады. Басқаша айтқанда қазіргі заманғы лингвистикалық зерттеулер объектіден субъектіге қарай бет бұрып, тіл – субъектінің ең басты конститутивті белгісі ретінде зерттеу нысаны етілуде.

«Тіл мен адамның біртұтастығы» жайлы И.А.Бодуэн де Куртенэ былай дейді: «Язык существует только в индивидуальных мозгах, только в душах, только в психике индивидов или особей, составляющих данное языковое общество». Басқаша айтқанда қазіргі заманғы антропоцентристік бағыттағы лингвистикалық зерттеулерде тіл «өзі-өзінде және өзі үшін» деген «*имманентті*» (лат. тілінен *immanents* – бір нәрсеге тән не құрамында болу мағынасында) тіл білімі аясынан шығып, этнос болмысы, діл және дін, ұлттық мәдениет, ұлттық дүниетаным, әлеуметтік-қоғамдық орта, ондағы жеке тұлға сияқты ұғымдармен сабақтастықта зерттеледі.

Лингвистикалық зерттеудің антропоцентристік парадигмасы тілді сол тіл қызмет ететін қоғаммен, әлеуметтік ортамен, тіл иесі – халықтың сан ғасырлық тарихымен, таным әлемімен, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан өмірлік тәжірибесімен, рухани болмыс-бітімімен, салт-дәстүр, әдет-

ғұрпымен байланыстыра қарастыруды діттейтін тіл біліміндегі ауқымы кең зерттеулерге жол ашып, нақты ғылыми жетістіктерге қол жеткізді. Соның нәтижесінде тіл мен мәдениет, тіл мен халық, тіл мен таным арасындағы тығыз байланыс, өзара сабақтастық проблемасын жан-жақты зерттеуді мақсат ететін интеграциялық жаңа үрдістегі этнолингвистика, лингвомәдениеттану, этнопсихоллингвистика, когнитивтік лингвистика сияқты ғылыми бағыттар қалыптасып, жедел қарқынмен дами бастады. Олардың әрқайсысының зерттеу нысанын нақтылауда, я болмаса ғылыми теориялық және методологиялық негіздемесін жасауда тіл бірліктері басқа ракурста, яғни адам санасымен, ойлау әрекетімен, бүкіл адами болмыспен біртұтастықта қарастырылып отыр.

Тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттардың қайнар көзі, шығу арнасы Еуропада В.Гумбольдтың лингво-философиялық концепцияларынан, ал Америкада Ф.Боас, Э.Сепир, Б.Л.Уорфтардың көзқарастарынан бастау алады. Тіл мен мәдениет, тіл мен халық, тіл мен таным арасындағы тығыз байланысты қарастыруда В.Гумбольдтың «Тіл –халық рухы, халық рухы оның тілінде. Ұлт нышанын танытатын мәдениет өз ізін халық тілінде қалдырады. Халықтық рух пен мәдениет тілдің ішкі формасына тән» деген тұжырымдамасы мен Э.Сепир мен Б.Уорфтың тілдің ойлауға ықпалын негізге алған «*лингвистикалық ықтималдық*» концепциясы басшылыққа алынады.

Ф.Соссюр, В.Штейнталь, Э.Сепир, Б.Уорф, Л.Вайсбергер зерттеулерінде көрініс тапқан «әр халықтың танымдық ерекшелігі оның тілінің табиғатынан туындайтындығы», «тіл тарихилығы мен мәдениет тарихы жапсарлас дамидынындығы», «адам баласының образды ойлауы, дүниені тануы тіл құрылысымен тығыз байланысып жататыны» туралы ой-пікірлер мен Ф.И.Буслаев, А.Н.Афанасьев, А.А.Потебня, Р.Якобсон сияқты орыс ғалымдарының тілдің конструктивтік рөлі және оның халықтық мәдениетті, халықтық психологияны, халықтың мифологиялық таным-түсініктерін

калыптастырудағы ықпалына арналған фундаментальді зерттеулері антропологвистикалық ізденістердің ғылыми іргетасы етілуде.

Тілдің танымдық қызметі

Ресейлік филологиялық және тілтанымдық дәстүрді жалғастырушы Н.И.Толстой, Н.Топоров, В.В.Иванов, В.А.Аврорин, В.Н.Телия, В.В.Воробьев, А.Вежбицкая, Е.М.Верещагин, В.Г.Костоморов, Ю.С.Степанов, А.Д.Арутюнова, В.Маслова т.б. ғалымдардың зерттеулерінде ақиқат шындық болмыс, халық тарихы, ел тарихы, дүниетаным, рухани және материалдық мәдениеттің құрамдас бөліктерін құраушы ұлттық құндылықтар жүйесі тіл құрылымының танымдық астарымен, таңбалық сипатымен, тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени семантикасымен тығыз байланыста сарапталады.

Тілдің қоғаммен, ойлаумен, мәдениетпен, таныммен, адам болмысымен байланысы қазақ тіл білімінде тілдің пайда болуын, тіл дамуының ішкі заңдылықтарын, тілдің құрылымдық-жүйелік ерекшеліктерін, сөзжасамдық қабілетін, ұғымдық аясын т.б. анықтауға арналған зерттеулерде ХХ ғасырдың басында-ақ бой көрсетті. Тіл ойлау мен таным әлемін танытатын адамзаттық универсалді құбылыс ретінде, белгілі бір тілдік қауымдастықтың (этнос, ұлт, халық) ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесін құраушы, таңбалаушы, бейнелеуші құрал тұрғысынан қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдың аяғы ХХІ ғасырдың басында жан-жақты зерттеле бастады десек те, тіл білімі ғылымының пәнаралық сипатына, логика-пәлсафалық мазмұнына, танымдық, әлеуметтік қызметтеріне қатысты терең тұжырымдар одан да ертерек қазақ тіл білімінің негізін қалаған тілдік тұлғалар зерттеулерінде кездеседі. Мәселен, «Тіл– құрал» деген ұстанымы арқылы қазақ тіл білімі ғылымының көшін бастаған А.Байтұрсынұлы тіл мен адамның біртұтастығы жайлы ойын «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры» деп түйіндейді.

«Адам баласының тілі – адам санасының жемісі», «адам тәжірибесінің қорытындысы» деп тілдік заңдылықтардың универсалды табиғатын зерделеуде өз тұжырымдарын адамзат тіліне сипаттама беруден бастаған

Қ.Жұбанов: «Адам баласының табиғатында әуелі сөзді біліп алып, өзін кейіннен білу қасиеті бар. Ежелгі дәуір адамдарының алдымен өзінен басқа заттарға ат қоятыны өзін сол басқаларға ұқсата айтатыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен...» деп «Адам–Әлем» арасындағы қатыстылықтағы тіл мен таным сабақтастығының орнын анықтайды.

Тілдің танымдық қызметінің маңызын С.Аманжолов: «Тіл – қоғамдық қатынас құралы, тап құралы деумен оның маңызын бітіре қойғамыз жоқ. Мұның ең маңызды жағы оның дүние тану құралы болатындығында» деп айрықша атап көрсетеді. Ол тіл білімінің өзге ғылымдармен тығыз байланыста дамуы қажет екенін: «Тіл ғылымы – бүтіндей адам баласының тіршілігіне байланысты ғылым... Бұл ғылым тарих, философия, психология, политэкономия, әдебиет, көркемөнер т.б. ғылымдармен тектес, сыбайлас екені айқын болса керек. Байланыс жағынан алып қарағанда бұл ғылым география, этнография (халықтардың салт-санасы, мәдениет мұрасы жөніндегі ғылым), археологиямен тығыз байланысты екенінде ешкімнің дауы жоқ. Өйткені бұлардың бәрі – бірін-бірі толықтыратын, біріне-бірі материал беретін ғылымдар» деп нақтылайды.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінде бой көрсеткен антропоцентристік парадигманың алғашқы нышандары қазақ тіл білімінде Р.Сыздық (ақын-жыраулар поэзиясындағы этномәдени дереккөздер), Ә.Қайдар, Ж.Манкеева (тіл мен этностың арақатынасы, этнолингвистиканың негіздері, тіл мен этнос сабақтастығының мәдени бірліктердегі көрінісі), Ш.Сарыбаев, О.Нақысбеков, Т.Жанұзақов, Е.Жанпейісов, Р.Шойбеков (этномәдени атаулардың этимологиялық негіздері), Н.Уәлиев, Г.Сағидолда, Г.Смағұлова, С.Сәтенова (фразеологизмдердің этномәдени, ұлттық-танымдық аспектілері), Қ.Жаманбаева (тілдік қолданыстардың психоллингвистикалық астары), М.Копыленко, З.Ахметжанова, С.Исабеков (тіл мен этнос мәдениетінің салғастырмалы теориясы) т.б. ғалымдар

зерттеулерінде өз жалғасын тауып келеді. Ресейлік лингвистикалық мектептер өкілдерінің «*тіл: мәдениет*», «*тіл: қоғам*», «*тіл: этнос*» қатыстылығына арналған зерттеулері бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде этнос болмысын, ұлттық мәдениетті ұлт тілі призмасында қарастырған зерттеулердің ғылыми-теориялық және методологиялық негізіне алынып отыр.

Қазақ фразеологиясының дербес пән ретінде қалыптасуының ғылыми теориялық негіздемесін жасаған І.Кеңесбаев зерттеулерінде тілдік бірліктердің шығу тегі экстралингвистикалық факторлардың тіл жүйесіне тигізер ықпалымен байланыстырылса, Р.Сыздық зерттеулерінде «тіл – халық қазынасы, тілдің әдеби түрі – ғасырлар мен жылдардың, таңдау мен екшеудің, ізденіс пен табыстың жемісі, сөз – сол қазынаның байлығы» тұрғысынан сарапталады. Р.Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі» (1968), «Сөздер сөйлейді» (1980), «Сөз сазы» (1983), «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1993), «Сөз құдіреті» (1997), «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» (2004), «Ясауи хикметтерінің тілі» (2004) сияқты зерттеулерінде тілдің ұлттық сипаты, халықтық ерекшелігі, әдеби тілдің функционалдық негіздері, сөздің құдіреті тәрізді келелі мәселелер этникалық таныммен, қоғамдық санамен, мәдени өремен ұштастырыла сөз етіледі.

Тілді жоғары адамзаттық құндылық ретінде бағалап, оны антропологиялық танымның, этникалық қалыптасудың құралы тұрғысынан сипаттау А.Қайдар зерттеулерінің өзгеше дара бітімін танытады. Тіл құрылымын кең ауқымды түркілік шеңберде тарихи-салыстырмалы тұрғыдан қарастырған фундаментальді еңбектерінде, сондай-ақ тілдік бірліктердің мазмұндық құрылымын тіл иесінің дүниетанымымен, рухани және заттық мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен астастыра қарастырған зерттеулерінде Ә.Қайдар қазақ халқының ұлттық құндылықтарын жалпыадамзаттық аксиология ұғымдарымен ұштастырады. Тіл тарихының тамырын тереңнен тартқан ғалым зерттеулерінде тілдік

бірліктер жалқы мен жалпының үйлесімі, этногенездік және жаһандық пәлсафаның нәтижесі деп танылуда.

Ә.Қайдардың «Тіл–Этнос–Таным» мәселелерінің сабақтастығын танытатын ғылыми идеялары қазіргі қазақ тіл білімі ғылымын жаңа белеске көтеріп, оның антропологистикалық, лингвофилософиялық ілімге айналуының теориялық өзегін құрап отыр. Ғалымның «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» (1969), «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (1986), «Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері» (1988), «Қаңлы: тарихи шежіре» (2004), «Халық даналығы» (2004) сынды еңбектері тілдік бірліктердің түп-төркінін таныммен сабақтастыра отырып, тілді этностың тарихи қалыптасуымен, мәдени өркендеуімен, әлеуметтік саралана дамуымен ажырамас бірлікте қарастырған, ұлттық таным әлемінің тарихи-тілдік негізін сұрыптаған маңызды зерттеулер болып табылады.

Ә.Қайдардың «Этностың дүниеге келуіне ұйтқы болған да – тіл, рухани – мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып білудің өлшемі де – сол тіл. «Адамтану», «Қоғамтану», «Табиғаттану» деп аталатын ғылым салаларының қалыптасуына негіз болатын да, біле білсек, осы «тіл әлемі» деген тұжырымы бүгінгі қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы ғылыми ізденістердің басшылыққа алар ұстанымына айналып отыр.

Қорыта айтқанда, тіл ғылымының қазіргі дамуында, гуманитарлық білімдердің синтезі кезеңінде, қазақ тіл білімінде тілдің коммуникативтік және куммулятивтік қызметтерін бір-бірімен тоғыстыра отырып, тілді «Табиғат-Адам-Қоғам» контекстінде, когнитивтік, лингвомәдениеттанымдық, психолінгвистикалық, социолінгвистикалық, этнопсихолінгвистикалық, прагматикалық, паралингвистикалық аспектіде филологиялық және логика философиялық тұрғыдан талдауға айрықша көңіл бөлініп отыр.

Антропоцентристік парадигма аясында өрістеп отырған ғылыми бағыттарда адам – субъект алдыңғы орынға шығып, тіл адам болмысына өту «көпірі» жағынан қарастырылып, этностың тіл байлығы – тіл әлемін

құраушы атау сөздер, диалектизмдер, этнографизмдер, табу мен эфемизмдер, сөз-образдар, сөз-символдар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, нақыл сөздер, жұмбақтар т.б. тілдік бірліктер ұлттық танымды, этномәдени болмысты көрсететін тіл фактілері, тіл иесінің өзіне ғана тән ойлау ерекшелігін, ұлттық құндылықтарын, өмір сүру кредосын танытатын дереккөз ретінде зерттеу нысанына алынуда.

Компьютер лингвистикасы

Кең көлемді ақпараттық ресурстарды оқыту үрдісінде қолдану, ақпараттарды өңдеп, ұсына алу, оны дамытып отыру – қазіргі білім беру үрдісіндегі өзекті мәселелердің бірі. Компьютерлік технологияны қолдана отырып оқыту қазіргі қоғамда жаңа білімді меңгеруде құрылыс материалы болып табылатын ақпаратты зерттеу тәсілдерін меңгеру ретінде қарастырылып келеді.

Тілдерді оқыту үрдісіне компьютерлерді ендірудің теориялық мәселелері компьютерлік лингводидактиканың зерттеу пәні болып табылады. Қазіргі кезде оны анықтаудың екі қыры бар: алгоритмдік және когнитивті-интеллектуалдық. Олардың негізінде жасалған оқытудың компьютерлік құралдары келесі параметрлермен ерекшеленеді:

- тілдерді меңгерту үрдісінде компьютердің функционалды мүмкіндіктерін жүзеге асыру деңгейі;
- компьютерді қолданушы мен компьютердің өзара қарым-қатынасының интерактивтілік деңгейі;
- танымдық әрекеттің түрлі модельдеріне бейімделу.

Тілдерді оқыту үрдісіне компьютерлік технологияны ендірудің қазіргі калпын зерттеу барысында қолданбалы тіл білімінде жаңа бағыттың – компьютерлік лингвистиканың пайда болып, дамуына әкелді. Осы ғылымның пайда болуына қазіргі ақпараттандырудың жаһандану үрдісі, ғылыми және техникалық прогрестің белгілі бір қажеттіліктерінің, сонымен бірге жасанды интеллект жүйесін, жасанды тілдер үлгілерін құру қажеттілігінің алғышарттары зор ықпал етті. Алайда бұл міндеттердің барлығын

лингвистика теориясынсыз шешу мүмкін емес, өйткені тарихи жүйе ретінде қалыптасқан табиғи тілдер адамдардың өзара қарым-қатынасына қызмет етсе, жасанды тіл де адам-машина, машина-машина, машина-адам қарым-қатынасы үшін жасалған, олардың екеуінің негізі бір, ортақ қызмет атқарады, жұмсалыу үлгісі мен құрылымы да бірдей. Лингвистика ғылымынсыз жасанды тілді жетілдіру, сонымен бірге адамның компьютермен табиғи тілде қарым-қатынас жүйесін жасау, күрделі адам-машина кешені қызметінің тиімділігін арттыру мүмкін емес. Өз кезегінде машиналық әдіспен өңдеу, жинау, сақтау, іздеу, жіктеу, табиғи тілдерді талдауға көшу кезінде классикалық лингвистика өзінің алдағы дамуына үлкен қарқын алды.

Компьютерлік лингвистиканың зерттеу мақсаты – ЭЕМ-да қарым-қатынас жасау үшін жасанды тілдердің құрылуымен байланысты компьютерлік технологияның лингвистикалық мәселелерін шешу, бағдарламаларды лингвистикалық құралдармен қамту, мәліметтер жиынтығын құру, түрлі сөздіктер мен глоссарийлер құрастыру, мәтіндерді өңдеу алгоритмі, тілдік семантикалық кодын ескер отырып, түрлі тілдік үрдістерді үлгілеу.

Компьютерлік лингвистика ерекше ғылыми бағыт ретінде ХХ ғасырдың 60-жылдары пайда болды. Стэнфорд және Нью-Йорк университеттерінде (АҚШ) алғаш рет тілдерді ЭЕМ-да оқытудың алғышарттары жасалған. Дәл осы жылдары «табиғи тілдерді өңдеу» атты қолданбалы бағыт пайда болды. Компьютерлік лингвистика мәселесі тар мағынасында «жасанды интеллект» ғылыми-техникалық пәні аясында дамыды. «Табиғи тілдерді өңдеу» сөз тіркесі компьютердің тілдік мәліметтерді өңдеу үшін қолданылатын барлық салаларын қамтиды.

Шет елде 70-жылдары ЭЕМ-ді тілді оқыту үшін ендіру мәселесі Батыс Еуропаны, Жапонияны және Латын Америкасы елдерінің қызығушылығын тудырды. Ресей және ТМД елдерінде есептеу техникасын ана тілді және шет тіліді оқыту үшін қолдану өткен ғасырдың 70-80-жылдары қолға алынды. К.Р. Пиотровская жазып кеткендей, алғашқы жылдары оқытудың қағаздағы

құралдарының электронды бейнесі ғана беріліп келді, компьютерді қолдану оқытушының имитациясына бейімделген еді. 80-жылдардың ортасында тілдерді үйретуде компьютерлік қолдау мәселесімен айналысатын ғылыми бағыт – Computer Assisted Language Learning қалыптасты. Оның аясында халықаралық ақылдасулар мен компьютерлік лингвистика мәселелері бойынша конференциялар ұйымдастырылды. 80-90-жылдар соңына қарай компьютердің техникалық мүмкіндіктері компьютермен оқыту бағдарламаларының негізгі ерекшеліктері – материал көлемінің шағындығы, грамматиканың бір немесе бірнеше бөлімдеріне сәйкесуі, бір сызықтылығы. 90-жылдардың екінші жартысында компьютерлер мен телекоммуникациялық құралдардың жаңа түрлерінің пайда болуымен лингвистикалық ақпараттық орта кеңістігін кеңейту мақсатында мультимедиялық технологияға негізделген бағдарламалар жасалды. Мультимедиялық технологияның түрлі формадағы (мәтін, дыбыс, видео, анимация) үлкен көлемдегі оқу ақпараттарын біртұтастыққа біріктіру мүмкіндіктері қысқа мерзімдерде бірінші толқын локалды бағдарламаларынан қазіргі аралас оқыту кешеніне өтуге мүмкіндік береді.

Компьютерлік лингвистиканың маңызды мәселелерінің бірі – автоматты оқылатын лингвистикалық жүйені анықтау. Өкінішке орай, ғылыми және арнайы әдебиеттерде бұл ұғымның анықтамасы жоқ. Алайда «оқытушы лингвистикалық автомат» деген ұғым бар, осы терминнің авторы Р.Г. Пиотровскийдің пікірінше, оған автоматты мәтін өңдеудің жан-жақты жүйесі, тілді оқыту барысында қолданылатын және оны қолдайтын (компьютер, аудио- және видеокұралдар) мәтін редакторы мен басқа бағдарлама құралдары кіреді. Оқытатын лингвистикалық автоматты қолданудың екі қыры бар:

1) бихевиористтік – бұрыннан бар дәстүрлі оқыту бағдарламаларын жасау барысында жүзеге асады. Оларда алдын ала берілген құрылымдар бар, оқытушылардың өздері авторлық бағдарлама негізінде нақты грамматиканың бөлімін оқытуда немесе үйренушілердің лексикалық білімін тексеруде

қойылымдық сипаттағы жаттығулар көмегімен, сонымен бірге компьютерлік тестпен жасай алады.

2) когнитивті-интеллектуалдық – тілдерді оқытуды компьютермен қамту, мәтінді автоматты түрде өңдеуге арналған жан-жақты бағдарлама жасауды қарастырады. Бұл жерде лингвостатистика әдісін, семантикалық жүйені, семантика-синтаксистік фреймдерді, автоматты оқу сөздіктерін, грамматикалық кестелерді қолданылады.

Бұл бағытта Маккьюин К, О.И. Руденко-Моргун еңбектері бар.

Компьютерлік лингвистиканың енді бір маңызды мәселелерінің бірі – лингвистикалық курс арасындағы қатынасты анықтау: автоматтандырылған және автоматтандырылмаған. В.М. Хальзова айтуынша, сөйлемді толықтыру, орындарына қою, таңдау, артық элементті алып тастау сияқты жаттығулар тез автоматтандырылады.

Психолингвистика

Психолингвистика – психология мен лингвистиканың аралығындағы ғылым саласы; ”адам - тіл” қатынастарын (адамның зейінін, жігерін, ниетін т.б.) зерттейді, яғни сөйлеу үрдістерін зерттейтін ғылым. Ол сөйлеу үрдісін, оның мазмұны, коммуникативті рөлі, сөздің ойға қатысы тұрғысынан зерттейді. Осы бағыттың негізін салушы неміс ғалымы Г. Штейнталь (1823-1899) тілді жеке адаммен қатар, этнос психологиясының көрінісі ретінде қарастырды. Оның пікірінше, тіл білімі адамның жеке психологиясын ғана емес, халық психологиясына да сүйенуі қажет.

Психолингвистика психологиялық эксперимент арқылы сөйлеу қызметінің үлгісін жасап тексереді. Бірқатар практикалық мәселелердің теориялық мәнін түсіндіру үшін таза лингвистикалық тәсілдер жеткіліксіз. Ол үшін психолингвистиканың тәсілдерін қолдану қажет. Психолингвистика мынадай мәселелерді шешеді: шет тілдерін үйрену, логопедия мәселелері, ми қызметіне байланысты сөйлеудің бұзылуы, бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөйлеудің рөлі, авиация мен космостық психология,

криминалистика мен машина аудармасы мәселелері және т.б. Психоллингвистика термині 1954ж. бастап қолданылып келеді (АҚШ);

Сыртқы лингвистиканың барлық салаларын бір бірімен байланыст екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа тілдің адаммен байланысын көрсететін бөлімдерін: биоллингвистика, танымдық лингвистика және психоллингвистиканы жатқызуға болады. Олардың бәрі тілдің қолданысын адамның ойлау категориясымен және психикасымен байланыстырады. Бұл топты танымдық лингвистика немесе танымдық тіл білімі деп атауға болады.

Психоллингвистиканың әдістері мен тәсілдері.

Тіл білімінде сыртқы лингвистика – шекаралас ғылымдардың – психоллингвистиканың, социоллингвистиканың, социологияның тағы сол сияқты ғылымдардың әдіс-тәсілдерін қолданатын ішкі лингвистика деген қате пікір бар.

Сыртқы лингвистиканың пәні мен тәсілдері туралы бұл сияқты түсінік бір шама қара-дүрсін пікір. Мысалы: Психоллингвистика – психоллингвистиканың әдіс-тәсілдерін қолданады, бірақ оның мақсаты – ішкі лингвистика мен психологияның мақсаттарынан мүлдем басқа. Психоллингвистика – «тіл – адам» қатынастарының мәнін ашып қарастыруға тырысады. Психоллингвистиканың жеке ғылым саласы болып қалыптасуы 1953 жыл болып есептеледі.

КСРО-да психоллингвистика адамның сөйлеу қызметінің теориясы ретінде XX ғ. 60-жылдарының ортасында пайда болды. Жаңа ғылым А. Н. Леонтьевтің, А. С. Лурия, С. Л. Рубинштейн есімдерімен байланысты. Сол сияқты психоллингвистиканың қалыптасуына А.Хомскийдің, Ж. Пиаженің зерттеулері де елеулі үлес қосты.

Психоллингвистиканың мақсаттары төмендегідей:

1) Адамның сөйлеу қызметін зерттеу, яғни сөйлеудің тууын және оны түсінуді зерттеу;

2) Ана тілі мен шетел тілдерін балалар мен ересектердің үйрену үрдісін зерттеу;

3) Ішкі лингвистиканың әдістері арқылы алынған мәліметтердің шыншылдығын анықтау (Верификация лат. *verus* – шындық).

Негізгі ұғымдар

Психолингвистикалық тәжірибе – информанттарды пайдаланып тәжірибе өткізушінің бақылауымен тіл қызметін қолдан жасалған жағдайда зерттеу.

Информант – сөйлеу үрдісіндегі әр түрлі мәліметтерді алу үшін тәжірибеге шақырылған сыналұшы. Әдетте бұл адам аталмыш тілді ана тілі ретінде қолданатын адам.

Тәжірибе түрлері. Психолингвистикада тәжірибенің негізгі үш түрі бар:

1) Зертханалық тәжірибе – тәжірибе өткізушінің күні бұрын тұжырымдалған гипотезаны тексеруі үшін өткізілетін тәжірибе;

2) Табиғи тәжірибе – сөйлеу үрдісін информанттарға табиғи жағдайда (жанұя, мектеп, жұмыс орны) өткізу;

3) Ассоциативті тәжірибе – информантқа әсерлеу мақсатында оның екі және одан да көп тілдердегі белгілі бір сөзге, сөз тіркесіне, сөйлемге реакциясын тексеру.

Тест – психолингвистиканы зерттеудегі негізгі әдіс болып табылады. Ол жеке тұлғаның бағалау шкаласындағы орнын анықтау мақсатында өткізілетін жеке немесе топтық тапсырма болуы мүмкін.

Тесттің екі түрі бар: ашық тест және жабық тест.

Ашық тест – онша қатаң талаптары жоқ, оларға объективті түрде баға беру қиын (диктант, шығарма, аударма және т.б.). Бұл тесттің жағымды жағы – информанттардың ой-желісін, ойлау мүмкіндіктерін, шығармашылық қабілеттерін бақылауға болады. Жабық тест жалпыға бірдей, қатаң талапқа сай жасалған тест. Жабық тестте информант тек қана берілген сұрақтарға жауап береді. Әдетте жабық тест жауаптың бірнеше варианттары бар тесттер болып келеді.

Нейролингвистика

Қазіргі таңда тіл білімі интегративті ғылым ретінде сипатталып жүр, бұған дәлел оның көптеген бағыттарының болуы, соның бірі – нейролингвистика. Нейролингвистика - неврология мен лингвистиканың түйіскен жерінде п.б. ғылыми пән. Нейролингвистика тіл жүйесі мен мидың қарым-қатынасын зерттейді. Ми жарақатынан пайда болатын сөйлеудің бұзылуы орта ғасырлық медицинада да белгілі болатын. Оларды жүйелі түрде зерттеу ХІХ ғасырдың екінші жартысында басталды. Тілдік патологиямен айналысқан лингвистер: И.А Бодуэн де Куртенэ, В.А Богородицкий, Л.Лурия, Л.С.Выготский афазияда байқалатын фонологиялық жүйенің құрылысын зерттеген. Нейролингвистика пәніне афазия түрлері кіреді (фонологиялық, грамматикалық, лексикалық, семантикалық).

Сөйлеу - бір мезгілде болатын нақтылы сөйлеу. Сөйлеудің дыбыстық және жазба түрлері бар.

Нейролингвистикалық бағдарламалау НЛП (англ. Neuro-linguistic programming.)— жеке тұлға дамуына байланысты оған әсерлі стратегиялар, принциптер көмегімен ықпал ету (іс - әрекет және ойлау тұрғысынан). Моделдеу - НЛБ - дың жалғыз әрі алғашқы қызметінің бірі. Ал, қалған қызметтерінің барлығы (НЛБ – терапиясы, НЛБ – коучингі, шығармашылық, коммуникативтік және сөйлесу технологиялары) жасанды, уақыт өте келе пайда болған моделдену.Бұл нейролингвистика бағытының өкілдерінің тұжырымдалған пікірі.

Нейролингвистикалық бағдарламау (НЛБ) - адам басындағы барлық мәселелерді бірнеше күнде шешуге уәде беретін жұмбақ аббревиатура. Бұл не? Алдымен, НЛБ-ға берілген бірнеше анықтамаларға тоқталып өтсек:

1. Нейролингвистикалық бағдарламалау - бұл адам миында тез өзгерісті жүзеге асыратын, адамды психологиялық сырқаттан айықтыруды, толып жатқан мәселелерден арылтуды және олардың дамуын мақсат ете отырып, оларға саналы түрде емес әсер ететін (оларды манипуляциялайтын) техникаларды жинау.

2. Нейролингвистикалық бағдарламалау - бұл эпистемология, яғни «біз қалай білеміз және қалай танимыз», сондай-ақ, біздің ойлауымыз қалай құрылған, оның формасы өзгергенде, оның мазмұны да өзгереді, демек, барлық әлем өзгереді дегендерді қарастыратын ғылым.

3. Нейролингвистикалық бағдарламалау - адамның жеке тәжірибесінің құрылымын қарастыратын, тіл мен оның сипаттамасын саралаумен айналысатын, тәжірибені моделдеуді және модельденген тәжірибені басқа адамдар мүддесіне пайдаланудың тәсілдері мен механизмдерін айқындайтын білім.

Нейролингвистикалық бағдарламаудың тарихына қысқаша шолу жасайтын болсақ, ол ең жас ғылымдардың бірі болып саналады (техника жинау, эпистемологияның саласы), дегенмен, НЛБ гуманистикалық психологиядан бар болғаны он жылға жас (НЛБ термин 1976 жылы көктемде пайда болды). Оның негізін қалаушылар – Ричард Бэндлер және Джон Гриндер - «бунтарей-шестидесятников» өкілдері. Қандай жағдайда болмасын, Бэндлермен сөйлескендер оның өзіндік дүниені тануы туралы тұрақтылық, норма мен принцип дегенді ашық айтпайтын адам дегенді айтатын болған. Бұнымен қатар, ол өте талантты, әр нәрсені тез үйренетін және өте пайдалы қасиет – айналасындағы адамдардың іс-әрекетін бақылауға шебер жас жігіт болды. Бэндлердің бұл қызығушылығы ол университетке түскен соң, оның негізгі мамандығы нақты ғылымдар мен философия болғанына қарамастан, ғылымилыққа ұштасты. Бэндлер университет қабырғасында және ғылыми еңбек жолында түрлі психотерапиялық ағым өкілдерімен жиі араласты. Осы тұлғалардың бірі Перлзаның басшылығымен Бэндлер гештальт-терапия тобын бастады. Оның ең мықты әріптесі Джон Гриндер болды. Дәл осы әріптестік кезеңі болашақ НЛБ үшін өнімді кезең болғандығын өздері де мойындайды. Бэндлер мен Гриндер тек топ жетекшісі бола қоймай, олардың бірі екіншісінің әрекетін үнемі бақылаумен болды. Осылайша жеке тұлғаның санасына әсер ететін әрекеттердің тізімі жинақтала бастады. Дәл осы тізім НЛБ-ны қабылдаудың негізі болып табылды. НЛБ

бағдарламасына үлкен ықпал еткен эриксон терапиясы болды. Ол адамның транс күйіне батуының лингвистикалық және коммуникативтік қабылдау негіздерін болжайды. Гипноздың аталған бағытының негізін салған Милтон Эриксонмен таныспас бұрын, Бэндлер сол кезеңдегі танымал отбасылық терапевт Вирджини Сатирмен бірге еңбек етті.

Қазіргі тіл білімінде нейролингвистикалық бағдарламалауды адамдардың жеке субъективті тәжірибесінің құрылымын, олардың ойлау және іс-әрекет стратегияларын, табысты стратегиялардың модельденуі мен оларды үйретуді қарастыратын жеке білім аясы деп санайды.

Бұл практикалық психологияның заманауи бағыты болып табылады. Ол жиырмамыншы ғасырдың 70-жылдары АҚШ-та пайда болды. Бұның негізінде сол кезеңдегі ұлы психотерапевттер Фрица Перлз, Вирджинии Сатир және Милтон Эриксонның мінез-құлық моделі жатты. Сондай-ақ НЛБ-ның негізін қалаушылар (және олардың алғашқы шәкірттері мен ізбасарлары) ретінде танымал болғандар: Джон Гриндер, Ричард Бендлер, Грегори Бейтсон, Альфред Коржикский, Милтон Эриксон, Вирджиния Сатир, Фриц Перлз, Стив Андреас, Конни Андреас, Френк Бьюселик, Энн Энтус, Энтони Роббинс, Лэсли Камерон, Джудит Делозье, Роберт Дилтс и Дэвид Гордон.

Алғашқы қадамнан-ақ НЛБ-ны жасаушылар нәтижелерге қол жеткізе бастады, аталған ғалымдардың шәкірттері де өз кезегінде айтулы таңданарлық нәтижелерге ие болды. НЛБ-көмегімен жасалған кемеңгер психотерапиялық модельдер олардың өз таланттарын біліммен ұштастыруға көмектесті.

Әрбір модельді жасау НЛБ-ны жасаушылар үшін бірте-бірте жеңілдей түсті. Бұл қалай болғаны?! Бір модельде табылған заңдылық екінші модель үшін де қызмет етті. Бір модельдің негізгі аспабын тауып алса, оны келесі модельдерде де пайдаға асыруға болатын болды. Қорытындысында НЛБ-ны одан әрі дамыту және жетілдіру керек болды.

Әдістің өзегі, сондай-ақ НЛБ-ның ғылыми түбірі оның атынан көрініп тұрғандай – Нейролингвистикалық бағдарламалау. Бұл неврология,

лингвистика (трансформациялық грамматика) және кибернетика (жүйе теориясы). Атаудың нейрологиялық бөлігі бізде болып жататын психологиялық процестердің біздің жүйке жүйемізбен байланысын көрсетеді. Лингвистикалық – біздің тәжірибеміздің реттілігі мен құрылымы үшін сөйлеудің маңызын айқындайды. Ал «бағдарламалау» сөзі біздің тәжірибемізде, сондай-ақ барлық өмірлік жағдайлардағы нерология мен лингвистиканың арасындағы өзара қарым-қатынасты және өзара байланысты құбылыс екендігін көрсетеді.

Дегенмен, НЛБ деген не? Бұл сұраққа берілетін жауап өте көп. НЛБ-ны меңгерген адамдардың көпшілігі, әдетте, бұл сұраққа жауапты қызықты етіп беруге тырысады. Адамдар қызығады, сұрайды... Оларға жоғарыда аталған анықтамаларды айтуға болмайды, олар оны түсінбейді. Бірнеше сөзге барлық әлемді қалай сыйдырмақпыз? Осыдан келіп мәңгілік өмір сүретін: Түсінбесең де – байқап көр деген нақыл шыққан болса керек.

Ал көп анықтама көбейген үстіне көбейе түседі... НЛБ – бұл ойдағы процестердің тілі және адамзат баласының кемеңгерлігін модельдеу туралы ғылым. Бұл тұрғыда НЛБ-ны нотамен салыстыруға болады. Себебі нотаның көмегімен ғана музыканың таңғажайып сыры қағаз бетіне түсірілді емес пе?! Енді кез келген жақсы музыкант оны қағаз бетіне қарап ойнай береді. Нотадағы әуенге қызыққан сияқты, НЛБ-ны жасаушылар адамзат баласының кемеңгерлігін бөліп алуды және олардың маңызды элементтерін жазып алуды үйренді.

Психологтар НЛБ-ні жетістікке жетудің психотехнологиясы деп береді. Иә! Бізді бәрінен бұрын жетістікке жету қызықтырады. Ал жетістікке жеткен адамдар мен жетістікке жете алмағандардың арасында қандай айырмашылық бар? Біріншілердің қатарына қалай қосылуға болады? Бұл сұрақтарға жауап әлдеқан беріліп қойған және бұны үйренуге де болады. Жалпы, осы бағдарламалау түрі қараңғы дүниеге жарықтың сәулесін беретін психологиялық практиканың классикалық әдісі. Әрине, бұл НЛБ атауының астарында басты назар аудартатын жай: қолайлылық.

Қазіргі ғылымда НЛБ-ды қоршаған әлем модельдерімен және оларды қоршаған әлеммен байланыстыра жұмыс істейтін өнер деп көрсетеді. Тіпті НЛБ технологиясы дамыған кездің өзінде де өнерге орын бар. «Равно как и в музыке, танцах, живописи... ученики развивают свои технические навыки, а уж на их основе строится настоящее искусство».

Бұл шынымен де маңызды өмірлік философия қалыптастырады. Тек қана философиялық деңгейде емес, шынайы өмірлік қажеттіліктермен қамтамасыз етеді. НЛБ-ның философиялық қырынан саралайтын болсақ, ол біздің жақсы болуымыз үшін және кемеңгерлікке қол жеткізуіміз үшін назарымызды өзімізді қоршаған әлемдегі барлық жақсылық атаулыға аудартады.

Біз қалай ойлаймыз? Біздің ішімізде не болып жатыр? Біздің іс-әрекетіміздің астарында қандай уәж бар? Біздің тұлғалық қабілетімізді қалыптастыратын және айқындайтын не нәрсе? Және өзіміздегі біздің қалауымыздай болмай жатқан қабілеттерді қалай өзгертуімізге болады? Әрине сұрақтар көп, ал ең бастысы оларға жауап табуға болатындығында, ал бізге көмектесетін НЛБ-ның өзі.

Психологиялық кеңес беруде НЛБ-ға баға жетпейді. Ол іс жүзінде кез келген психологиялық мәселелерді шешеді (тіпті психотерапиялық). Сондай-ақ жай шешіп қана қоймай, бәрін тиянақты әрі технологиялық тұрғыда шешеді. Тіпті маңызды қадамдарын да белгілеп береді.

Медицинада НЛБ-ды адам миын эксплуатациялаудың нұсқауы деп береді. Бұрын біздің миымызды эксплуатациялаудың нұсқауын енгізуді ұмытып кеткен компьютермен салыстырған болатын. Қалай жабайы адам микроскоппен күрек сияқты жұмыс істей алады? Жаман және сынғыш - тастан әлдеқайда қолайсыз. Себебі, онымен қалай жұмыс істеу керектігін білмейді. Демек, бұл мәселенің орнын толықтыратын НЛБ.

НЛБ – бұл ақиқатталмаған мүмкіндіктер хаусынан энтропияны азайтудың ошағы. Біз таңғажайып мүмкіндіктердің әлемінде өмір сүреміз. Олар тіл жетпес өте көп. Тек оларды таба білу және ақиқатпен ұштастыра білу ғана

керек. Олай болса, біз немен айналысамыз. Неге тек қана ошақ? Себебі, НЛБ әлі өте жас, енді ғана күш жыюда.

Этнолингвистика.

Қазақ тіл біліміндегі жаңа салалардың бірі – этнолингвистика. «Тіл әлемінің» өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, статоллингвистика іспеттес этнолингвистика да – «этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала. Ол – этностың табиғатын тереңнен танып-білу үшін басқа емес, тек тіл феномінің өзіне ғана тән ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым.

Этнолингвистика - халықтың этногенезін тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы. Тіл мәселелерін мәдениетпен халық әдет-ғұрпымен, салт-санамен байланыстыра зерттеу ХХ ғасырдың 2070 жылдарында орын ала бастады. Тіл білімінде қалыптасқан екі түрлі бағыт бар. Олар негізінен Америка мен ФРГ-да дүниеге келген. Алғашқы этнолингвистикалық зерттеулер ретінде мына еңбектерді атауға болады: Эдуар Сепирдің 1921 жылы шыққан «Тіл», 1929 жылы шыққан «Лингвистиканың жайы», Б.Уорфтың «Тіл, ойлау және шындық» (1959) жинақтары. Э.Сепир индеецтердің көптеген тайпаларының тілдерін зерттесе, неміс линвисті Л.Вайсгербер «Неміс тілінің күші» туралы төрт томдық еңбек жазды. Америка мектебі тіл мен мәдениетті негізгі проблема деп алса, Германия мектебі тіл мен халықты бірінші орынға қояды. Яғни, тіл функциясын, оның қоғамдағы даму рөлін асыра сөз етеді. Тіл адам санасы мен объективтік шындық арасындағы бірыңғай қатынас тізбегіне ене отыра, өзі сол санадан, объективтік шындықтан туған туынды болып табылады деген көзқарасты ұстанады.

Этнолингвистикалық ізденістер мазмұны жағынан қарағанда, оның бастауы тілдердің туыстық негізін білу идеясынан туған деген түйін жасаған дұрыс, ендеше тіл ғылымының этнолингвистика саласы әуелден-ақ зерттеу нысанына қарай жіктеле бастағанын, кейін тілдердің туыстығын, тарихи негізін айқындаудан тілдің ішкі мазмұнына қарай бет алғанын, тілдік таным мәселелерінің маңызды болғанын көруге болады. Бұл жөнінде алғашқылардың бірі болып пікір айтқан Э.Сепир өзгеше ұлттық феноменді түсіндіруде оның уәжінің тарихын ашуға тырысады, сол арқылы мәдениетті танытудың жолы – тіл, тіл мәдениетсіз өмір сүре алмайды деген түйінге келеді.

Э. Сепирдің бұл тұжырымы И.Г. Гердердің дүниені танудың құралы – тіл, оның ішкі мазмұны идеясымен үндестік табады, яғни И.Г. Гердер философиясы ұстанымының өзегі – халықтың өмір сүруіндегі тарихи кезеңдерінің ерекшелігін, олардың дүниетаным әрекеті арқылы жасаған құндылықтарын мойындау болып табылады. И.Г. Гердердің түсіндіруінше, жеке ұлт – адамзаттың өзіндік ерекшелікке ие бір бөлігі, ал ұлттық мәдениет – адамзат мәдениетінің сол өзіндік ерекшеліктерін танытатын формасы.

И.Г. Гердер идеяларына сүйенген, оны дамытушы В. Гумбольдтың пайымдауынша «тіл – адам мен қоршаған ортаны жалғастырушы буын, тілге «халықтық рух» пен мәдениеттің белгісі – ішкі форма тән», бұл қағида оның философиялық лингвистикалық бағдарламасының негізін құрайды. Осыдан халық тілін зерттеу халықтың рухын, табиғатын, болмысын танып білу құралы тіл екені ғылымда маңызды бола бастайды.

Америка ғалымдарының еңбектерінде «этнолингвистика» терминінің орнына көбіне «антропололингвистика», «этносемантика» атаулары қолданылады. Осы бағытта зерттеулер жүргізген Ресей этнолингвистикасының өкілдері Н.И.Толстой, В.В.Иванов, В.Н.Топоров т.б. Олар тілдің тарихын, этнолингвистикалық атластарын жасап, тілдегі және халық мәдениетіндегі аумақтық және әлеуметтік диалектілерді т.б. зерттейді.

Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қамалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлар этнос өмірінің мың да бір елесі ғана, оның шын мәніндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той- домалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана. Яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін.

Бүгінгі таңда қазақ этнолингвистикасы ғылыми негізі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқадербес те болашағы зор ғылым саласы ретінде танылып отыр. Мұны белгілі профессор М.М.Копыленко өзінің «Этнолингвистикасының негіздері» деп аталатын еңбегінде айқын көрсетіп отыр.

Этнолингвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімінің) жаңа да дербес бір саласы. Ол академик Ә.Қайдардың анықтауынша, «адамзат қауымының этностық деңгейдегі балаң, бастау тұсындағы тек-тамырын, мекен-жайын, өмір тәжірибесін, салт-санасын, кәсібін жеке этностық топтардың алғашқы анайылық қалпындағы дүниетанымын, мифтік танымын, киімін, ішкен тамағын т.б. яғни мәдениетін тілі арқылы зерттейтін тіл білімінің саласы». Осы анықтамаға сәйкес халқымыздың материалдық, өндірістік деңгейі мен рухани өрісін бейнелейтін ана тіліміздің ұшан-теңіз байлығын, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып беріліп келе жатқан асыл қазынасын барынша толық жиып көрсетіп, қыр-сырын анықтау – этнолингвистиканың міндеті. Академик Ә.Қайдар этнолингвистика атауының құрамындағы «этно» компонентінің мәнін «этнография» ұғымымен шектемей, одан кеңірек қарайды: «Өткен бір дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық

ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік-тірлігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы». Жалпы тіл біліміндегі этнолингвистиканың даму барысына шолу жасап, оның жеке сала ретіндегі негіздерін анықтауға арналған еңбегінде проф. М.М. Копыленко қазақ тіл біліміндегі академик Ә.Қайдар бастаған этнолингвистикалық мектепті «қазіргі этнолингвистикадағы жаңа бағыт» деп бағалап, оның негізгі ерекшелігін «этносты тіл айнасында анықтау» деп атап көрсетеді. Байқап отырғанымыздай, аталмыш зерттеу саласында негізгі салмақ лингвистикаға жүктеледі. Оның себебі мен мәнін нақты түсіну үшін академик Ә.Қайдардың төмендегі пікірін келтірейік: «Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін».

Ғалымның пікірінше, көненің көзіндегі тілдің қат-қабат қойнауларында сақталып қалған, осы дүниенің сыры мол тіл әлемінің тереңіне үңіліп, тарихымен тұтас қарап сырын ашу – этнолингвистиканың үлесі.

Ә.Т. Қайдар этнолингвистикалық зерттеудің мақсатына қарай «этнос» терминін «этнос болмысы» ұғымымен, ал «тіл» дегенді «тіл әлемі» терминдерімен атауды ұсынады, Ә. Қайдар мұнда этнолингвистикалық

зерттеулер этностың жеке мәселелері емес, оның тұтас бейнесін, баршаболмысын анықтайды, ал осы этнос туралы толық мағлұмат оның тіл қазынасында сақталады деген ойды тілге тиек етеді. «Этнос болмысы – этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реальді шындық». «Этнос болмысы» - этностың сонау балаң кезінен бүгінгі есейген шағына дейінгі кешірген өмір тіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани-мәдени қазынасы».

Осыдан этнолингвистиканың зерттеу нысаны этнос тілі екені топшыланады. Е.Жанпейісов бұл жөнінде: «Тіл – этностың ең тұрақты, ең бір басы ашық негізгі көрсеткіші», - дейді, ал өзгеруге бейім территориялық бірлік, экономикалық-шаруашылық және мәдениет тұтастығы т.б. этностың қосалқы белгілеріне жатады деп есептейді, сол себепті этнолингвистика тіл тағдыры мен этнос тағдырына қатысты зерделеулерді сабақтастыра, байланыстыра, үйлестіре жүргізуді талап етеді. Этнолингвистика – зерттеу аясы үлкен ғылым, Ә.Қайдар оның мәдениеттану, этнография, этнология, өлкетану, фольклористика, мифология, астрология, дінтану т.б. сияқты қоғамдық пәндер саласы мен этимология, диалектология, ономастика, фразеология, паремиология, терминология, лексикография т.б. тәрізді лингвистикалық пәндер атты екі тобын бөліп көрсетеді.

Күнделікті тұрмыста, салт-дәстүрде берік орын алған бірсыпыра зат, бұйымдар атқаратын қызметіне, белгілі бір наным-сенімге т.б. байланысты болып, фразеологизмдердің этномәдени уәжділігін көрсетеді.

Қазанның құлағын қағып қойған ат – о баста қойылған есім. Әр отбасының күнде тамақ пісіріп ішетін қазанды халық қастерлеп, жеті қазынаның бірі деп есептеген. Қазанға пісірілген ас дәмді әрі жұғымды, сондықтан да болар, қазан-ұрпақ жалғасуы мен отбасы берекесінің символы болып табылады. Осыған орай Н.Уәлиұлы былай деп тұжырымдайды. Қазан мен кара мылтықтың «қасиетті жетінің» қатарында айтылуы тегін емес. *Қазанның құлағын қағу; қара қазан, сары бала; қазан төңкерілу* тәрізді

сөз орамдары жайдан-жай айтылмаған. Қазақтың ертегі, жырларында алтын қазан іздеу салты туралы деректер кездеседі. Мысалы: **Сөз тыңда құлақ салып, балам, маған, Астында дарияның алтын қазан. Әкелсең сол қазанды ерлік қылып, Беремін Күнсұлуды қосып саған («Құламерген»).**

Академик Ә.Марғұлан бұл сюжетке ерекше назар аударып, онда терең мазмұн жатқанын тамаша дәлелдеген: «Құламерген» жырында теңіз астынан қазан іздеу – тайпалар демократиясының бірлігін сипаттайды. Қазаншаңырақ сияқты бүтіндіктің белгісі. Ол құрыса, ел де құриды. Оның үстіне қазанды қастерлеу ерте кездегі темірге табынудың бір түрі. Тәуке ханның аңызында жолығатын «қара қазан», «қара мылтық алу» - жаудан кек қайтару белгісінің ескі түрі. Тәукенің жарғысы бойынша бұрын жауласқанда «шаңырақ», «қазан» сындырып кек алудың орнына енді оны сындырмай, жәбір көрген жаққа сол нәрселердің өзін беріп тыныштық жасайды».

Қазанның басқа ыдыстарға қарағанда қазақ тұрмысы мен мәдениетінде алатын орнының ерекше жоғары болуы оның күнделікті тіршілік құралы болуымен байланысты. Қазақ дастарханына түсетін тағамдардың барлығы да ең алдымен осы қазаннан өтеді. Халық жай ғана қазан демей, оны *қара қазан* деп қастерлеп айтады. Бұл жерде *қара* сөзі «қасиетті, киелі, берекелі» деген ұғымды білдіреді. Ұлттық әлеуметтік тарихи оқиғаларда қазанның алатын айырықша орны бар. Қазанын сындыру – отбасын ойрандаудың, қазанын төңкеру – аштықтың, масқаралаудың белгісі. «Жеті жарғыда» өлім жазасына бұйырылған адам жеті айып төлеп құтылса, оның біріншісі – «қара қазан төлеуі» деп аталған.

Тіліміздегі «Бақыр қазан қайнаса, бәріміздің бағымыз», «қазаны бөлектің қамы бөлек», «қазаны басқаның қайғысы басқа», «қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса», «қазансыз алтын ошақтан, қара сулы мосы артық» тәрізді мақал-мәтелдер оның халық өміріндегі алатын орнын айғақтай түсіп қазанның о бастан-ақ қасиетті, киелі деген ұғымға, үлкен мәнге ие екендігін аңғартады.

Дүкен ұстады – ұсталықпен, зергерлік кәсіппен айналысты. *Дүкен құрды* – ұста іс соғуға құрал-саймандарын дайындады, шатыр, лапас тікті. *Дүкен* – ұстаның жұмыс істейтін, құрал-жабдықтарын сақтайтын орны. Ертеректе көшпелі тұрмысқа байланысты көшпелі дүкен де, тұрақты дүкен де болған. Көшпелі дүкенді шыбықтан тоқып, шошала тәрізді етіп жасап, іші-сыртын саз балшықпен сылап қойған. Дүкен орнына кей жағдайда киіз үйді де, пайдаланып, құрал-жабдықтарын соның ішіне орнатып, сонда сақтаған. Ал отырықшы жерлерде тұрақты дүкендер балшықтан соғылған үй түрінде болған. Дүкенде міндетті түрде металды шоқта қыздырғанда оған жел беретін көрік орнатылады. Соған байланысты кей жерлерде дүкенді *көрік үй* деп те атаған.

Дүкен – түркі тілдеріне араб тілінен енген сөз. Араб тілінде *дүккән* – 1) лапас, қалқа; 2) ұстахана, шеберхана. Кейбір түркі тілдерінде дүкен осы мағынасында және «өрмек», «тоқу аспабы» мағынасында да қолданылады.

Дүкенде бір не бірнеше адам да істей береді. Кейбір ұсталардың шәкірттері болады. Шәкірттер жұмыс тәсілін айлап-жылдап үйренеді. Олардың жұмысты меңгеру дәрежесі әртүрлі болады. Ұста жұмысын шәкірттеріне тапсырғанда, бір жаққа жүрерде олардың тәжірибелі біреуіне *дүкенге қол болыңыз* дейді. Бұл «дүкенге басшылық жасаңыз, бас-көз болыңыз» дегенді білдіреді.

Дүкен майлау – дүкен құрып, іске кірісер алдында ұсталар мен зергерлердің бір мал сойып, ауыл-аймағын, көршілерін шақырып, ас беру, сыйлау салты. Бұл әдет діни ұғымға байланысты пайда болған. Ертеде қар кетіп, күн жылынғанда ұста, зергерлер дүкен құрған күні мал сойып, дүкен иесі Дәуіт пайғамбарға бағыштап дұға оқып, ырым жасайтын болған. Малдың қанын дүкендегі құрал-жабдықтарға жағып шыққан. Осы салт халық арасында **дүкен майлау** деп аталған. Мұндай әдет басқа түркі халықтарында да кездеседі. Халық түсінігінде дүкен – қасиетті орын. Онда жұмыс істейтін ұсталар да қасиетті саналған. Кейбір халықтардың дәстүрінде дүкен құдайға жалбарынып, құлшылық қылу орны болған. Ұста, зергерлер

кейбір жағдайларда өз бұйымдарын есікті жауып алып, ешкімге көрсетпей жасаған. Өйткені олар жасап жатқан затты біреу-міреукөріп қойса, ол бұйым (мысалы қылыш, білезік т.б.) «киесінен, қасиетінен айырылады», «қасиеті төмендейді» деп түсінген: - Бекер аштың-ау! Қылыш киелі болып шықпайды енді. Жабық дүкенде соқпаған қылышта не қасиет қалсын, - деп шын ренжіп, Арыстанға жекіп, ұста болғасын былай ырғытып жіберді». Тұрмыстағы орны мен осындай ұғым-түсініктерге байланысты дүкен жеті қазынананың бірі деп саналады.

Мойнына кісе салды – Аллаға, Тәңірге сыйынып жалбарынды, тілек тіледі. - Сарыбай хан екен табында енді, Бәйгіден жүріп келер бабында енді. Ақ сары Аллаға қойын айтып, Мойнына кісесін сап жалынды енді (Қозы Көрпеш - Баян сұлу).

Алтын-күміспен, жез үзбелермен безеп жасалған қалталы белбеу *кісе* деп аталады. Кісенің *қын*, *қынап* (пышақ, қанжар, қылыш салынады), *қорамсақ* (садақ оғы салынады), *оқшантай* (оқ-дәрі салынады), *қандауыр* (қан шығаратын үшкір пышақ), *дәндәжу* (шақпақ тас, от тұтатуға арналған білте т.б. салынатын шағын қалта) тәрізді құрамдас бөлшектері болады. Кісенің осындай бөлшектерінен оның ертеде батырлардың, аңшылардың сапар шеккен жолаушылардың әмбебап бұйымы болғаны, ер адамдарға арналған бұйым екендігі көрінеді. «Кісі болар бала кісесінен белгі» деген мақал да кісенің ер адамдар үшін қаншалықты маңызды болғанын аңғартады.

Кісенің тіліміздегі алғашқы мағынасы - «қалта». Алайда бұл мағына тілімізде ұмыт бола бастады. Қазіргі көпшілік қауым оның мағынасын түсіне бермейді. Ауызекі сөйлеу тілінде де қолданылмайды. «Белбеуге тағатын қалта» мағынасындағы кісе сөзі ақын-жазушылар шығармаларында ғана кездеседі: - Базаралы үлкен кісесі бар күміс белдігін белінен шешті (М.Әуезов, Шығ.). Түркі тілдерінің біразында *кісе* «белбеудің қалтасы», «дорбасы», «киімнің қалтасы» мағынасында жұмсалады. Мысалы, қырғыз тіліндегі кісе атауын К.К. Юдахин иран тілінен енген сөз деп көрсетеді.

Оның қырғыз тіліндегі мағынасы - «теріден (былғарыдан) тігілген белбеудің қалтасы», «әртүрлі қалта тағылған белбеу.

Бұрынғы тұрмыста кісені адамдар қиыншылық көргенде, тәңірге жалбарынғанда белден шешіп, мойнына салатын болған. Мұндай этномәдени дерек халық ауыз әдебиетінің үлгілерінде ұшырасады: - Ақбоз атты шалғанда, Мойнына кісе салғанда, Баба түкті шашты абыз Сауап бата алғанда (XV - XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы, 109-б.).

Ертеде біреудің қазасын естіруге барған жігіт ағасы адам да кісе белдікті белінен шешіп, мойнына салып алған. Сонымен, мойынға кісе салу басқа түскен ауыртпалықтың, қиыншылықтың белгісі болған. Ол тілімізде *мойнына кісе (кісесін) салды, кісесі мойнында* тәрізді фразеологизмдерде сақталып қалды.

Қазақ салтында кісені малға тағу әдеті де болды. Бураға шөгеріліп кеткен түйе бойына біткен төлін ағызып жібермесін деген ырыммен оның мойнына кісе салып қояды. Осындай төлін ағызып жіберетін түйеге көшіп-қонғанда, кіре тартқанда ешқандай ауыр жүк артпайды. Мұны *кіселі түйе* деп атаған.

XIX ғасырдан бастап қазақ халқының тұрмыс-салтының өзгеруіне байланысты кісеге қалта салмай, алтын-күміспен әшекейлеп жасайтын болды. Сондықтан оның байырғы мағынасы мен атқарған қызметі, ол туралы мәдени ақпараттар бірте-бірте көмескілене бастады.

Тіліміздегі фразеологиялық сөз оралымдарының бір тобы құда болу салтына, той-мерекеде ойын-сауық ұйымдастырып көңіл көтеруге байланысты болып келеді. Олардың біразы зергерлік атауларының ұйтқы болуынан пайда болған.

Сырға тағар. Қазақ халқының тұрмысында құда болу салты айрықша орын алғандығы белгілі. Әдетте, қызды бесіктегі кезінде немесе ол бой жете бастаған кезде атастырған. Егер екі жақ балаларын бесікте жатқан кезінде атастырса, ұлдың ата-анасы қыздың бесігін кертіп белгі салған. Бұл ғұрыптың *бесік-керті, бесік кертпе* деп аталғандығы белгілі. Өсе келе ол

қыз **бесік кертпе қыз** деп аталған. Егер қыз бой жете бастаған кезде атастырылса, оның құлағына жігіт жағы сырға таққан. Бұл рәсім *сырға салу, сырға тағу* деп аталған. «Қалыңдық» мағынасындағы *сырғалы қыз* немесе *сырғалы атауы* осыған байланысты шыққан. Алтай тілінде де қалыңдықты сырғалды деп атайды. Осы әдетке қатысты қырғыз тілінде **сөйке салды** тіркесі жұмсалады. Қырғыз тілінде сырғаны *сөйке* дейді. Қырғыздардың әдетінде жігіттің әке- шешесі қыздың үйіне алғаш рет келген кезде болашақ келінінің құлағына өздері алып келген сырғасын тағады. Оның жанында басқа да сыйлықтары болады [8, 659]. Осыған байланысты кішігірім той жасалған. Бұл той қырғыз тілінде де сырға той деп аталған.

Этнографиялық деректер бойынша, көптеген түркі халықтарында қыздардың құлағын тесіп, сырға тағып қою өте ерте жастан басталады. Баласы тұрмай жүрген ата-аналар қыздың құлағына 3 жасқа дейін де тесе берген. Тіпті мұндай жағдай да ер балалардың құлағына қас күштерді шатастырамыз деген түсінікпен сырға таққан. Бала ер жеткенде оның ата-анасы ауыл-аймағын шақырып той жасап, сол той үстінде бозбала жігіттің құлағынан сырғасын алады. Қазақта осы тойды *сырға той* деп атаған.

Қазақ дәстүрінде қызға тағатын сырғаның орнына басқа да үкі /қасиетті саналатын құстың бір шоқ үлпілдек қауырсыны /, жүзік, білезік, тана /әдемі ақық түйме/, моншақ т.б. әшекей бұйымдары қолданылады. Сондықтан қазақ тілінде «құда түсіп, сырға тағып кетті» деудің орнына «үкі /тана, моншақ/ тағып кетті» деп те айта берген. Кей жерде «жіп тағып кетті» дейді. Жоғарыда айтылғандай, мұндай заттармен бірге күйеу баланың ата-анасы тарапынан қыздың ата-анасына берілетін сый-сыяпаты қоса жүреді. Ол сыйлық мал немесе күміс жамбы, ақша түрінде беріледі. Күйеу жағының осындай сыйлықапару кәдесі алғашында құда түсу рәсімін білдіретін атаулармен аталып *бата аяқ, сырға тағар, тана тағар, құлақ моншақ* тәрізді фразеологиздер пайда болған. Ертеде, *құлақ моншақ* деп сырғаны айтқан. Қырғызстанның оңтүстік диалектісінде сырғаның бір атауы *құлақ мончок*.

Шеге шапан. Салт бойынша құда тұсу рәсімі қыз үйіне жаушы жіберуден басталған. Жаушы арқылы жігіттің әкесі сыйлық беріп жіберген. Ол *қарғы бау* деп аталған. Этнограф А.А. Диваевтың көрсетуінше жаушы сөзін «Сізде лашынбар екен, бізде сұңқар бар екен» деп бастайды. Қыздың ата-анасы келісетін жағдайда қалың мал мөлшерін де белгілейді. Жаушы қыз әкесіне қарға бау береді. Қыз әкесі оған «уәдеміз шегедей мықты болсын» деп шапан кигізеді. Кейде шапанның орнына ат мінгізген. Қыз жағынан берілетін мұндай сый *шеге шапан, шеге ат* деп аталған.

Қылауы түспеген құда. Құдаласқанына көп уақыт болмаған жаңа құда. «Жаңа құда» мағынасын аңғартатын қылауы түспеген құда тұрақты сөз тіркесінің жасалуына себеп болған *қылау* сөзінің ұсталар тіліндегі мағынасы – «өткірлегеннен кейін кескіш құралдардың жүзінде пайда болатын өте майда ұлпа, бүршік». Қылауды, әдетте, былғарыға жанып кетіреді. Олай етпесе, құралдың жүзі өткір болмайды, тез мұқалады. Осыған орай колөнерінде *пышақтың қылауын алу* деген термин қолданылады. Жалпыхалықтық тілде қылау «өте ұсақ», «майда», «кішкен» мағыналарында жұмсалады. Мысалы: қар қылаулап тұр; «Қар қылаудан өсер, бала сылаумен өсер» /Мақал/. *Қылау* сөзі сонымен бірге енді ғана өткірленген заттың жүзі мағынасында да айтылады. Қылыш, ұстара т.б. өткірлігін байқау үшін олардың жүзіне қыл тастап байқайды. Қыл қиылып түссе, оны шын мәнінде өткір деп есептеледі. Тіліміздегі *қылауына қыл түспеген* фразеологизмі колөнерінде қолданылатын осы әдіске орай қалыптасып, «әлі жүзіне қыл тастап та көрмеген, жүзіне ештеңе түспеген» деген тура мағынасынан ауыспалы «жаңа» деген мағынаны білдіреді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тілдердің генеологиялық туыстастығы дегеніміз не?
2. «*Табиғат-Адам-Қоғам*» үштігі контекстінде адамның қызметі неде?
3. Антропоцентризм ұғымы дегеніміз не?
4. Компьютер лингвистикасы дегеніміз не?
5. Психолингвистиканың әдістері мен тәсілдері?
6. Психолингвистиканың мақсаты не?

7. Нейролингвистика нені зерттейді?

8. Этнолингвистик нені зерттейді?

Әдебиеттер:

1. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: “Ана тілі”, 1998.
2. Жұбанов Қ.Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: “Ғылым”, 1999.
3. Оразалиева Ә. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы:АнаАрыс, 2006.
4. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: «Евразия», 1995.
5. Жанпейісов Е. Этнолингвистика. – Ана тілі. -1994.

№	Тест сұрақтары	Дұрыс жауап	Қате жауап	Қате жауап	Қате жауап
1	Тілдердің бөліну процесі лингвистикада қалай аталады?	Дифференциация.	Интеграция.	Аффиксация	Агглютинация.
2	Тілді адаммен және оны қоршаған орта, дәстүр мен мәдениет ұғымдарымен ұштастыра зерттейтін лингвистиканың саласы:	Этнолингвистика.	Әлеуметтік лингвистика.	Психолингвистика.	Когнитивтік лингвистика.
3	«Трайболизм» сөзі нені білдіреді:	Этникалық қақтығыс.	Достық қарым-қатынас.	Таптық күрес.	Территориялық бөліну.
4	“Мәдени (культурный) шок” дегеніміз:	Басқа елдің мәдениетін игеру барысында абдырау.	Басқа елдің мәдениетімен танысу барысында өз мәдениетін ұмыту.	Бір елдің мәдениетін басқа елдің мәдениетімен салыстыру.	Басқа елдің мәдениетімен танысу.
5	Тіл білімінің «өріс» ұғымындағы «архилексема» деген не:	Компоненттерге ұйтқы болатын ортақ мағыналы лексема, өзек мағыналы сөз.	Перифериядағы тілдік бірлік.	Өрісті құраушы кез-келген бірлік.	Сөздердің байланысы.

6	Элементтеріне семантикалық жақындық пен ортақ аффикс немесе ортақ негіз тән өріс түрі:	Морфосемантикалық өріс.	Ассоциативті өріс.	Семантикалық өріс.	Функционалды-грамматикалық өріс.
7	Локуция термині нені білдіреді?	Сөйлеу әрекеті.	Тіл теориясы.	Тіл тарихы.	Үнсіздік.
8	Психолингвистиканың нысаны:	Сөйлеу мен адам жанының байланысы.	Тілдік аспектілерді зерттейді.	Лингвистика салаларын зерттейді.	Психологиялық ерекшеліктерді зерттейді.
9	А.В.Щербаның көрсетуі бойынша психолингвистиканың қандай аспектілері бар:	Сөйлеу іс-әрекеті, тілдік жүйе, тілдік материал.	Сөз, сөз тіркесі, сөйлем.	Фонетика, лексикология, грамматика.	Фонема, морфема.
10	Төмендегі зерттеушілердің ішінен психолингвист ғалымдарды көрсетіңіз:	А.А.Леонтьев, А.А.Залевская, В.П.Белянин	Р.Декарт, Ж.Ж.Руссо, Дж. Бруно.	Р.М.Фрумкина, Дж. Локи, Аристотель.	Ю.М.Лермонтов, Бодуэн де Куртэне.

3-ТАҚЫРЫП: Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар мен әдістер

Жоспар:

1. Әдеби даму және дәстүр жалғастығы.
2. Қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүрлер.
3. Әлемдік әдебиет дамуындағы озық дәстүрлер ықпалы.

Тірек ұғымдар: әдеби процесс, әдеби даму, дәстүр жалғастығы, модернизм, постмодернизм.

Әдеби даму және дәстүр жалғастығы

Әдеби процесс – әдеби даму. Көркемдік даму заңдылықтары. Адамзат мәдениетіндегі сабақтастық. Әдеби даму және дәстүр жалғастығы. Дәстүрді шығармашылықпен игерудің жаңашылдыққа әкелетіндігі, ал жаңашылдықтың негізінде жаңа дәстүр туындайтындығы туралы ұғым. Төл әдебиетіміздегі

көркемдік дәстүрлер, олардың сөз өнерінің дамып, өсуіндегі мән-маңызы. Дәстүрдің маңызын мойындамайтын көзқарастарға сын.

Көпшілік зерттеушілер дәстүр мен жаңаның әдебиеттегі орнын, тағдырын байқауға ұмтылды. Бір жанрдың ішкі сыры ретінде ғана қаралмай қазақтың байырғы әдебиетінің ұлттық сипаттары жаңа дәуірде жаңа жанрдың туып қалыптасуына қалай әсер ететінін сөз етеді. Е.Р. Лизунова роман жанрын зерттегенде, қазіргі эпосты айтқанда, оның арғы тегін қазақтың бай эпикалық мұрасынан шығарады, яғни бұрынан күрделі сюжетті, шебер композициялы, сан тұлғалы фольклорлық туындылары болған әдебиеттің жаңа кезеңде өзіне табиғи дәстүрлік әлеуметтерін сақтауы заңды екенін көрсетеді. Әрине қазақ прозасының өсіп амуына басқа да факторлар ықпалын тигізді. Дегенімен, ұлттық дәстүрдің жаңа ролінің орны бөлек.

Жақсы дәстүр ұлттық көркем шығарманың қаны мен сөлі сияқты: оның жақсы мазмұнын да, оған лайық формасын да аңғартады. Мазмұн мен форма бірлікті байқатса, ұлттық дәстүр сол бірлікті айқындай түсетін фактор. Мұның басты себебі ұлтты мінез-құлықтың, психиканың ұзақ тарихтық түзілісте белгілі бір тұрақтылыққа ие болуынан: дәстүр осының сәулесі, яғни характердің көрінуі.

Дәстүр тек алдымен әдебиеттік, өнерлік көрініс емес. Дәстүр, әдет, салт, үрдіс, тіпті дағды, ғұрып деген сөздер кең мағынада адам мінезі мен тіршілігіне байланысты қанға сінген қылықтар. Демек, ұлттық дәстүр тез өзгеріп немесе жоғалып кете қоймайтын құбылыс.

Қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүрлер.

Әдебиеттегі ұлттық дәстүр әрбір халықтың, ұлттың өмірді көркемдік, образдық жолмен тануынан шығып қалыптасқан.

Абай туындылары қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңалықты толық аңғартады.. Әрине, Абай шығармалары үнемі ескіні бұзып, өзінен бұрынғы жақсы дәстүрлерді де мансұқ етті деген ұғым тумасқа керек.. Қайта Абай өзі халық поэзиясының жарамды дәстүрлерін батыл қабылдап отырған, көп

жерлерде оны ұстартып, тереңдетіп пайдаланар орнын таба білген. Қазақ поэзиясындағы Абайдың ұлы жаңашылдық орнын жаңалық пен дәстүрді бір-біріне қарасы қою арқылы емес, қайта жаңалық сол жақсы дәстүрлер топырағында туып қалыптасқан деп таныта елеміз.

Дәстүр мен жаңалықтың өзінен тек уақыт өлшеміне қарай ғана ажыратуға болғандай. Жаңалық мейлі форма жағынан болсын, мейлі мағына жағынан болсын әдебиеттің қаны мен жанына дәл келсе, дәстүрге айналып кетуі де мүмкін.

Сонымен, дәстүр, жаңалық көбіне бірін-бірі толықтырып, бірінің бірі жалғасы болып отырмақ.

Әлемдік әдебиет дамуындағы озық дәстүрлер ықпалы

Модернизм және постмодернизм.

Бүгінгі таңда барлық әдістердің танымдық тұрғылары қым-қиғаш араласқан. Кешегі бір еңбектерде романтикалық арнада жазылды деген шығармалардың енді модернистік туынды ретінде бағалануы сәнге айналды. Керісінше, қазіргі әдебиеттануда модернистік, постмодернистік деп бағаланған шығармалардың көркемдік тілінде, қаламгерлердің суреткер, қоғам, жеке тұлға мен болмыс хақындағы толғаныстарынан, ой-пікірлерінен романтикалық дүние қабылдаудың сізімдерін байқауға болады.

Модернизм ХХ ғасырдың басында қалыптасқан. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін модернистік бағыт «ревизиялауға» ұшырап, соның әсерінен заман талабына сай жаңа әдеби-мәдени, философиялық, эстетикалық жаңа ағым пайда болады.

Модернизм (французша «moderne» ең жаңа, қазіргі) буржуазиялық әлем дағдарысының және олардың қалыптастырған сана типін белгілеген ХХ ғасыр әдебиет пен өнердегі философиялық-эстетикалық қозғалыс.

Модернизм атауының ХХ ғасырдың басында Батыс Европада пайда бола бастаған футуризм, экспрессионнизм, импанизм, унизм сияқты көркем бағыт және топтардың жүзеге келуімен байланысты.

Модернизмді бүгінгі таңда Батыс өнерімен қарағанда кеңінен қолданылады. Мәселен, кубизм Францияда, футуризм Италияда, адаизм Швейцарияда пайда болды. Олардың барлығын тән ерекшелік – реалистік шығармашылық әдіс. Барлығын бірлестірген атау – модернизм. Бұл атаудың теориялық, жалпы философиялық негіздерін А.Шопенгауэр, М.Штирнер, С.Керкогтер, Ф.Ницше сияқты философтардың шығармашылық мұрасымен байланыстырады.

Модернистер әлемдік деңгейдегі қоғамдық қайшылықтар, санадағы қақтығыстар кезінде адам дүниенің мағынасыз екенін, өзінің фәнидегі жалғыздығын түсінеді деген пікірлерді алға тартты. Жалғыздық қасіреті қоршаған ортаны адамның жатсынуы модернизм өкілдерінің шығармаларында айрықша көрініс тапты. Қоғам мен адам арасындағы қайшылық сарыны тұрғысынан романтизм эстетикасымен ұқсас тұстары болды. Қазақ прозасындағы адам табиғатының трагедиялығы, болмыстың адам тіршілігімен үйлесе бермейтін қайшылығы бейнеленген, адамның панасыздығын, қорғансыздығын меңзейтін шығармаларда романтикалық сипат пен модернистік ұстанымның берік байланысы жатыр. Орыс әдебиетінде модернизм, постмодернизм құбылыстарын зерттеуші Д.Затонский ХХ ғасыр модернистің романтизм құндылықтарынан тамыр тартып жатқанын сөз етеді. «Модернизм мен постмодернизм» деп аталатын кітабының арнаулы тарауында романтизмнің көркемдік жүйесінде кездесетін, ортақ «модернистік» белгілерді «тани» отырып былай дейді: «Если обозреть бытие искусств как бы с птичьего полета, то нетрудно заметить, что они, в свою очередь, тоже тяготеют к движению циклическому: Возрождение объявляло (и даже искренне верило), будто наследует античности, романтизм в некотором роде подражал Средним векам, модернизм ХХ века - романтизму... Модернизм и в самом деле многое позаимствовал у романтиков, тех в известном смысле даже можно бы наречь «пре-модернистами». Что, тем не менее, вовсе не исключает их сродства с постмодернистами. В частности, и потому, что

романтическое не жизнеподобие в общем и целом все-таки чуждо фанатически-революционной экстреме»³.

Модернистер мәңгілік өмір сүрудің құпиясы ашылады деген сенімде болса, постмодернистер адам мәңгілік өмір сүре алмайды, бірақ өмірді ұзартуға болады дейді. Модернистер отбасылық құндылықтарды сақтап, ұрпақ алдындағы міндетін біліп, еркек-еркек болып, әйел- әйел болып өмір сүрсе, постмодернистер үшін жынысын ауыстыру, бір жынысты некелер қалыпты жағдай. Модернде өнер атаулы адамзат баласына эстетикалық ләззат сыйлап, рухани байытатын болса, постмодернде өнердің ешқандай құндылығы қалмайды" - деп бөледі. Орыс философы Александр Дугин модерниз мен постмодернизмнің басты айырмасы: "модерн адам санасынан Құдайдың мәнін өлтірсе, постмодерн санасында Құдайдың мәні өлген адамдардың өзін өлтіруі" - деп ашып көрсетті.

Постмодернист философ Жиль Делёз: "Адамзат баласы соғыстан шаршады, бір-біріне өз ойларының дұрыстығын таңудан жалықты, өмірден мән іздеуден, жақсы адам болудан шаршады. Сондықтан енді адамдар өздері қалағанша өмір сүріп, өздері дұрыс деп тапқан еркіндікке жетуі тиіс"- деп, постмодернистердің ұстанымын көрсетті.

Постмодернизм – көп мағыналылықты ішіне қамтыған және әрқашанда өзгеріске бейім тұратын, құбылмалы тіршілікті бейнелеу түрінің жаңаша тәсілі. Бұл ағымның тарихи контекстік және жалпы халықтық, ұлттық түрлері де болуы мүмкін. Постмодернизмді белгілі бір шартқа жүйелендіру қиын, бұл әлемдік мәдениеттегі тарихи, көркемдік бейнелеу жүйесінің осы заманға сай бейнелеу формасы. Әр түрлі ұлттар әдебиеті мен мәдениетінде өзінің көрінісін тапқанымен, ғаламдық деңгейдегі өзіне ғана тән қағидалары мен көркемдік шарттары бар. Бұл әдеби ағым өзінің бастауын конструктивизм мен деканструктивизмнен алған. Оның өзіне тән сөздері мен терминдері бар.

³ Затонский Д.В. Модернизм и постмодернизм: Мысли об извечном коловращении изящных и неизящных искусств. – Харьков: Фолио, 2000. – 256 с.

Постмодернистер әлемді адам санасына бағынбайтын «хаос», маңайымыздағы әлем тек мәтіндерден ғана тұрады деп есептейді. Бұны – «дискустық мәтіндер» деп атайды.

Постмодернизм белгілі бір тарихи кезеңді немесе шектеулі нәрселерді ғана сипаттайды. Бұл көркем мәтіндердің авторы болуы да мүмкін, болмауы да ықтимал. Сол мәтіндерді жазып отырған адам «мен» деп жазбайды, жазушы маска киіп жазуы (авторская маска) мүмкін. Өзінің кейіпкерін мазаққа, күлкіге ұшыратып, өзі сырттан аңдушы ретінде қадағалайды және өздерінің кейіпкерлеріне әсте жаны ашымайды.

Постмодернистердің туындыларында астыртын ойы (двойной код) маңызға ие. Қазіргі көркем мәтіннің негізгі шарттарының бірі – постструктурализмге тіреледі (породиный модус повествования). Автор кейіпкерін шығарманың жеке меншігі деп емес, кейіпкердің санасы тек көркем мәтінде ғана деп ойлайды. Мәтін таусылған тұста кейіпкердің санасы бітті деп қарау басым. Ал ары қарай не болатынына автор жауап бермейді.

Постмодернизм – қазіргі зымырап бара жатқан заманның көркем жүйесі. Мәтіндегі фрагменттік дегеніміз, қарапайым айтқанда, бір талды төртке бөліп бейнелеу. Талдың өзін, тамыры, топырағы, жапырағына бөліп қарастыру. Бұл ағымның бізге дейінгі классикалық әдебиеттен негізгі айырмашылықтары осындай.

Постмодернизмнің теориялық түсініктерін АҚШ-тың Йел университетінің әдебиеттанушы мамандары қалыптастырған. Мәселен; ренессанс дәуірінде «адам ғаламның ортасы (центр вселенной) адамның қолынан келмейтін нәрсе жоқ» деп пайымдаса, қазіргі кезде постмодернистер: «адам ғаламның кішкентай ғана бөлшегі, элементі. Сондықтан да адамның санасы ғаламды тануға жеткіліксіз» деп түсіндіріледі.

Қазіргі постмодернистердің кейіпкерлері дискустық, санасы шектеулі шеңберден шыға алмайтын адам ретінде сипатталуда. Ағым өкілдерінің шығармаларын оқып отырсаң кейіпкерлері қырықаяқ, космостан келген гуманоид ретінде өмір сүреді. Құдайға шүкір, қазіргі қазақ әдебиетінде ондай

кейіпкерлер жоқ. Мысалы; Асылан Жақсылықовтың «Сын окаянных» деген төрт томдық шығармалары бар. Кейіпкер жас адам ба, кәрі адам ба- түсініксіз. Ол кейіпкер өзімен-өзі тіршілік етіп жатады. Өз ойларымен өзі алысып, сандырақтап жүреді. Бір жерге кіреді, бір жерден шығады. Арман-аңсары, сезімі жоқ. Әйтеуір тіршіліктің адамы, пенде. Біздің қазаққа ортаның ондай романдарды қабылдай қоймасы анық. Оның себебі, біріншіден, қазақ оқырманы оған дайын емес, екіншіден – біз классикалық әдебиетпен тәрбиеленбегенбіз. А.Байтұрсынов айтпақшы: «Біз әдебиетімізде жыраулардан келе жатқан асыл сөздің» мағынасы болуы қажет. Қазақ бос сөзді ешқашан айтпаған. Әдебиетіміздегі қисса-дастандарда, батырлар жырында, қиял-ғажайып ертегілерінде үлкен ғибратты ойлар бар. Біз мәдениеттанушы, әдебиеттанушы ретінде талдап, ерекшеліктерін көрсетіп береміз.

Мысалы, академик С. Қасқабасов постмодернизм туралы: «Шынтуайтына келгенде модернизм дегеннің өзі – жаңа деген сөз. Постмодернизм – өндірісі қатты дамыған постиндустриялы елдерде кең таралған. Өйткені, олар бұрынғы классикалық әдебиеттен қол үзіп кеткен. Біз болсақ, классикалық реализмнен, классикалық әдебиеттен қол үзгеміз жоқ. Одан қол үзе алмайтын себебіміз, бізде әлі постиндустриялық қоғам құрылған жоқ. Ол үшін өндіріс өте мықты дамып, капитализмнің ең биік шыңына жетіп, бүкіл өмірдің бәрі индустриялануы керек, қалалық ұлт болып қалыптасуымыз керек. Сосын бүкіл қалалық өмір мен далалық өмір араласып, құжынап жатуы тиіс. Бірақ біз оған жеткен жоқпыз. Сондықтан постиндустриялық қоғам болмай тұрып, постиндустриялық қоғамның өмірін суреттей алмаймыз». Постмодернизм көрінісінің біздің әдебиетте жиі кездесе қоймауына да осындай пікірлер дәлел. Жоғарыда айтылып өткен пікірлерге қарамастан, постмодернизмнің сыртқы формасына сай өзінің әңгіме-повестьерін жариялап жүрген жазушыларымыз баршылық. Олардың қатарына Төлен Әбдіков, Асқар Алтай, Дидар Амантай, Роза Мұқанова, Айгүл Кемелбаева т.б. жатқызуға болады. Постмодернистік бағыттың белгі-көріністерін аталған жазушылардың шығармаларындағы детальдық көріністерден аңғара аламыз. Айгүл Кемелбаева екі оқиғаны бір

желіге сыйғыза отырып баяндаса, Дидар Амантай ескілік пен жаңашылдықтың ортасына өзара байланыс (связка) жасайды. Асқар Алтай мифтік бейнелердің көрінісін бүгінгі қоғамның әрекетімен көрсетеді. Сонымен қатар Төлен Әбдіковтің адам бойындағы психологиялық факторларды физикалық құндылықтармен қатар беруі де постмодернизмнің кішігірім көріністерін аңғартады.

Қазір оқырманның құлаш-құлаш томдарды оқып отыруға уақыты жоқ. Жас жазушылар қысқа жазуға машықтануы қажет, бірақ, мағынасыз, құдайсыз әдебиеттен қашып, өзінің түпкі идеясын көрсете білуі керек. Постмодернистік үлгіні алғанымен де бос сөзге ұрынып қалмағаны дұрыс. Жас жазушыларымыз шетелден үйренейік деп мақсатты түрде жазып отырған жоқ, заман талабы сондай. Біздің жастарымыз 10 ғасырлық асыл поэзиямыздың маржанын теріп алса, өздеріне керегін алып отырса, құба-құп.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1.Әдеби процесс дегеніміз не?
- 2.Мазмұн мен пішін дегеніміз не?
- 3.Модернизм бағытында жазылған көркем шығарманың ерекшелігі неде?
- 4.Әдебиеттегі постмодернизм дегеніміз не?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, «Қазақ университеті», 1992. – 352 б.
2. Қирабаев С.Тәуелсіздік рухымен.– Астана, «Фолиант», 2002-504 б.
3. Жұмабек С. Сын әуені. (әдеби ой-толғаныстар). – Астана, «Елорда», 2001. – 288 б.
4. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары.– Астана, «Фолиант», 2004-304 б.

Тест сұрақтары:

№	Тест топшириқлари	Тұғри жавоб	Муқобил жавоб	Муқобил жавоб	Муқобил жавоб
1	Әдеби процес термині қашан пайда болды?	XX ғасырдың 20-30 жылдары	XIX ғасырдың соңында	XX ғасырдың соңында	XX ғасырдың 60-90 жылдары
2	Модернизм француз тілінен алынған болып - деген мағынаны	ең жаңа	өзгеріс	жаңару	даму

	білдіреді?				
3	Постмодернизмнің теориялық негізін қалаушылар?	АҚШ-тың Йел университетінің әдебиеттанушы мамандары	АҚШ-тың Аризона университетінің әдебиеттанушы мамандары	Ұлы Британияның Кембриж университетінің әдебиеттанушы мамандары	Францияның Сарбон университетінің әдебиеттанушы мамандары
4	«адам ғаламның ортасы (центр вселенной) адамның қолынан келмейтін нәрсе жоқ» қай дәуірдің жемісі?	ренессанс дәуірі	классицизм дәуірі	романтизм дәуірі	постмодернизм дәуірі
5	«адам ғаламның кішкентай ғана бөлшегі, элементі. Сондықтан да адамның санасы ғаламды тануға жеткіліксіз» қай дәуірдің жемісі?	постмодернизм дәуірі	ренессанс дәуірі	романтизм дәуірі	реализм дәуірі
6	Ағым өкілдерінің шығармаларын оқып отырсаң кейіпкерлері қырықаяқ, космостан келген гуманоид ретінде өмір сүреді. Сөз қайсы ағым өкілдері жайлы болып жатыр?	постмодернизм ағымы өкілдері	романтизм ағымы өкілдері	классицизм ағымы өкілдері	реализм ағымы өкілдері
7	"модерн адам санасынан Құдайдың мәнін өлтірсе, постмодерн санасында Құдайдың мәні өлген адамдардың өзін өлтіруі" – деген пікірдің авторы кім?	Александр Дугин	Ницше	Кafka	Пруст
8	«Постмодернизм – өндірісі қатты дамыған постиндустриялы елдерде кең таралған. Өйткені, олар бұрынғы классикалық	С. Қирабаев	Ж.Дәдабаев	А.Байтұрсынов	М.Әуезов

	әдебиеттен қол үзіп кеткен. Біз болсақ, классикалық реализмнен, классикалық әдебиеттен қол үзгеміз жоқ» деген пікірді кім айтқан?				
9	Модернизм мен постмодернизмнің айырмашылығы неде?	Модернистер отбасылық құндылықтарды сақтап, ұрпақ алдындағы міндетін біліп, еркек-еркек болып, әйел-әйел болып өмір сүрсе, постмодернистер үшін жынысын ауыстыру, бір жынысты некелер қалыпты жағдай	Модернизм бағытында жазылған шығарамалардың кейіпкерлері де постмодернизм бағытындағы шығарамалардың кейіпкерлері де қырықаяқ, космостан келген гуманоид ретінде суреттеледі	Модернизм және постмодернизм өкілдері адам ғаламның бір бөлшегі деп біледі	Модернизм және постмодернизм өкілдері адам ғаламның ортасы, адамның қолынан келмейтін нәрсе жоқ деп біледі
10	Постмодернизм бағыты қашан қалыптасты?	XX ғасырдың 70 жылдары	XX ғасырдың соңында	XX ғасырдың орта шегінде	XX ғасырдың басында

4-тақырып: Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыдан дамуы

Жоспар:

- 1. Қазіргі қазақ поэзиясының даму арналары.**
- 2. Қазіргі қазақ әңгіме жанрының өзіне тән ерекшелігі және даму жайы.**
- 3. Қазіргі қазақ романындағы дәуір, тарих және заман мәселесі.**
- 4. Қазіргі қазақ драматургиясы.**

Тірек ұғымдар: поэзия, проза, жанр, әңгіме, роман, тарих және заман, драматургия, образ және образдылық, ұлттық идея және идеология.

Қазіргі қазақ поэзиясының даму арналары.

Егемендік жағдайындағы халықтың ұлттық сезімін оятушы, сенімділікке үндейтін өлеңдер – бүгінгі әдеби процесте алдыңғы және жетекші жанр болды. Қазір поэзияның жекелеген даму кезеңдерін арқау етіп, талдау жасайтын ғылыми жұмыстар баршылық. Олардың жетістіктері – ғылыми жұмысқа негіз болған белгілі бір кезең ақындар өлеңдерінің құрылымдық жүйесіндегі жаңалықтар мен даму үрдістерін дөп басып, тани алғандығында. Ал олардың жұмыстарында кейбір сауал тудырған тұжырымдар жалпы қазақ поэзиясының шешімін күткен мәселелері болып табылады. Қазіргі қазақ өлеңіндегі кейбір тосын, жаңа ырғақтық-интонациялық сипаттардың орын алуын бүгінгі поэзиядағы мазмұндық-идеялық, тақырыптық ерекшеліктердің ықпалымен түсіндіруге болады. Қазіргі қазақ лирикасында интимдік сырлардың бірінші кезекке шығуын, сонымен қатар субъективті көңіл-күй мен ой-сезімнің поэзия тілінде тереңдікке, нәзіктікке жетіп, жалпылық, объективті мәнге ие болуын қазақ өлеңіндегі бүгінгі түбегейлі мазмұндық-сапалық жаңару тенденциясына жатқызуға болады.

Бұл жөнінде В.Брюсов: «Поэзиядағы өзгеріс – үнемі, тынбай жаңа түр іздеу, адамның ойын, сезімін дәл, терең, әсем бейнелейтін құралдар табу» - дейді де, сол өзгерісті тудырушы құралдар «...тіл, үн, бейне. Ақын соларды жақсы білуге, сезуге, орынды және жарасты қиыстыруға тиісті. Әдебиетке келген әрбір жаңа ақын оған өзімен бірге жаңа сөз, жаңа ырғақ, жаңа бейне ала келеді. Сонымен бірге бұрынғыны өңдейді, ұстартады, ілгерілетеді, дамытады» - деп ғылыми тұжырым жасайды.

Қазіргі қазақ поэзиясы мағыналық, құрылымдық жағынан жаңа бір сипатта дамып келе жатқандай сезіледі. Өлеңнің түрленуі, сөз талғампаздығы, бейнелілік, автордың теңеулері, ақын жеке «меніне» сұрақ қоя білуі, сол арқылы қоғамдағы психологиялық қайшылықтарды ақтара білуін қадап айтуға міндеттіміз. Мұндай жаңалықтар әдебиеттің қай дәуірінде де болған, алайда өлең өрісіндегі ізденістер бір-біріне ұқсамайды. Қазіргі жастар поэзиясының постмодерндік сипатта дамып, өрістеуіне біршама жылдар, ізденістер қажет болды. Қазіргі жастар поэзиясының эстетикалық, ырғақтық түрленуінеаға

ақындар Е.Раушанов, Т.Әбдікәкімов, С.Томанов, Г.Салықбай, Н.Мәукенұлы, А.Ыбыраев, Ә.Ботпанов, Б.Үсенов, М.Райымбекұлы үлкен әсер етті.

Қазіргі қазақ поэзиясында ізденіп жүрген Ерлан Жүніс, Тоқтарәлі Таңжарық, Талапбек Тынысбекұлы, Ілияс Мұқаев, Мирас Асан сынды ақындардың өлеңдерін оқып отырғанда көктемнің алмағайып күндеріндей сезім сәттерін, тәтті де сәтті шумақтарға ара-тұра жолығып қалатынымыз көңіл қуантады.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасының көркемдік деңгейін көтеруге Ш.Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, Қ.Түменбай, Ә.Тарази сынды қаламгерлер үлес мол. Мысалы, Ш. Мұртазаның шағын жанрды ұмыт қалдырмай, оған өзіндік үлес қосып жүргендігін «Алапар мен Динго», «Бұршақ», «Тәуекел той» сықылды әңгімелері растайды. Қ. Жұмаділовтің «Жалдамалы күйеу», «Жемдеген қырғауылдар», «Құдайдың үйі», «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тіленші» (2000), «Бұқарбайдың бұқасы» (2000), «Ит базары» (2001) секілді әңгімелерінің негізгі өзегі де бүгінгі күннің оқиғалары, кейіпкерлері жаңа заманның адамдары.

Әңгіме жанрына тұрақты түрде араласып жүрген жазушының бірі – Асқар Алтай. Оның «АҚШ консулының тас лақаты», «Лайбаран», «Түсік», «Тараншы Жолбарыстың сатқындығы», «Кентавр» әңгімелерінен мазмұндық, түрлік ізденістер байқалады. Ұлттық танымға ерекше мән беретін жазушының мифке құрылған «Кентавр» әңгімесіндегі Басарыс атты «айғыр кісі» мен «Салбурындағы» тотемдік таным қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістерге мысал бола алады.

Қазіргі роман жанрындағы күрделі шығармаларда халық тағдыры, тарихи кезеңдер шындығын бейнелеуде уақыт тынысы, жеке адамдардың, отбасылардың, әлеуметтік ортаның даралықтары мен өзара байланыстары айқындала түсті. Қазіргі қазақ романдары – қазақ сөз өнері мұраларының бұрынғы және кейінгі көркемдік дәстүрінің жалғасы, сонымен бірге әлем өркениетіндегі әдеби үдерісінің бір арнасы. Қазіргі қазақ романның еңсесін

көтеруге І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Д.Досжановтың «Алаң», С.Досановтың «Қылбұрау», «Ұйық», Т.Ахметжанның «Ақиқат жолы», С.Елубайдың «Ақ боз үй», Ғ.Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал» сынды жазушылардың қосар үлесі мол. Сондай-ақ Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», С.Жұбатырұлының «Абыржы», Қ.Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны», т.б. табиғат – адам – қоғам қарым-қатынастарын әлеуметтік-психологиялық сарынмен жазу ерекшеліктері ғылыми байыпталды.

Қазіргі қазақ драматургиясы – қазақтың ХХ ғасырдағы классикалық әдебиеті дамуының заңды жалғасы. Қазіргі кезде аға буын жазушыларымыздың ізін жалғастырушы Д. Исабековтің пьесалары да әралуан тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерімен әдебиетіміздің драматургия саласының дамуы қорын молайтты. Драматургтің «Ректордың қабылдау күндері», «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Алтын тордағы тоты» («Актриса»), «Ескі үйдегі екі кездесу», «Тор» пьесалары театрлар сахналарында үздіксіз қойылуда. Сұлтанәлі Балғабаев – қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті драматург-қаламгер. Жазушының «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі» пьесаларында өмір шындығының сан түрлі мәселелері қамтылған.

Поэзия – ұлы әлем, тылсым күш. Мұңайғанның жүзіне күлкі сыйлатқан, бейқам көңілді тұңғиық ойға шомдырған, ғашық көңілдердің асық жүректерін бір арнаға тоғыстырған не құдірет?... Әрине, ол – поэзия. «Поэзияның асылы әдемілік, әсемдік. Онда оғаштық, кедір-бұдырлық, олпы-солпылық болмашы нәрсе деп есептелмейді, тіпті, кешірілмейді. Өйткені ол көркем шығарманың ажарын түсіреді. Кейде бір ғана жаман шумақ, бір ғана жабайы, қарапайым сөйлем, бір ғана мағынасыз сөз, бір ғана орынсыз қолданылған сөз бүкіл шығарманың және ең тамаша деген шығарманың құнын жойып жібереді», - дейді ұлы сыншы В.Г.Белинский. Бұл қағиданы біздің ақын-жазушыларымыз естерінде мықты ұстауға тиіс.

Абай ата көрсетіп кеткен ұлы жолдың үстімен жүріп, поэзия көгінің айқанат қырандарына айналған қаншама ақын-жазушыларымыз бар: М.Жұмабаев, С.Торайғыров, С.Сейфуллин... бертін келе М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Қ.Мырзалиев, Ф.Оңғарсынова, К.Ахметова, М.Шаханов... Осы аталған ақындардың жыр-жауһарларының куәсі ХХ ғасыр.

Қазіргі қазақ поэзиясы мағыналық, құрылымдық жағынан жаңа бір сипатта дамып келе жатқандай сезіледі. Осы тұрғыдан қарағанда, бүгінгі тілге тиек, әңгімеге арқау болып отырған тәуелсіздік жылдарының әдебиеті несімен ерекшеленеді, сипаты, идеясы, бағыты мен тұжырымдамасы бар ма деген сауалдар басын ашып алу керек шығар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылықтар, қолына қалам ұстағандарды да айналып өтпегені белгілі. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары әдебиетке келген буын өкілдері не жазып, не тындырып жүр деген сияқты сұрақтар өздігінен туындайды. Бұл тұрғыдан қарасақ, қазіргі әдебиеттегі поэзия жанрының орны бөлек.

Тәуелсіздік кезіңіндегі қазақ прозасындағы ұлттық идеяның әлеуметтік талдау пайымымен көркем бейнеленуі жан-жақты сөз болған. Қазіргі қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңестік жүйе кезіндегі жазбақ түгілі айтуға болмайтын «жабық» тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды.

Қазіргі қазақ әңгіме жанрының өзіне тән ерекшелігі және даму жайы.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік деңгейін көтеруге Ш. Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, Қ.Түменбай, Ә.Тарази, Ә.Асқар сынды қаламгерлер үлес қосты.

Ш. Мұртазаның шағын жанрды ұмыт қалдырмай, оған өзіндік үлес қосып жүргендігін «Алапар мен Динго», «Бұршақ», «Тәуекел той» сықылды әңгімелері растайды. «Тәуекел той» әңгімесінің атының өзі айтып тұрғанындай, шығармаға қазіргі замандағы бәсеке тойы арқау болған. Бақталастық пен күндестіктің шегінен асқынғандығы сонша той десе жанын

салатын қазақ бүгінде дәстүрлі тойларды жоғалтып, тойдың өзін бәсекеге айналдыра бастады. Даңқ пен дақпыртқа мастанған жандардың өзгеден асып түсу мақсатында тойдан кейін қарызға белшесінен батып жатуы бүгінгі күннің шындығы.

Қ.Жұмаділовтің «Жалдамалы күйеу», «Жемдеген қырғауылдар», «Құдайдың үйі», «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тіленші» (2000), «Бұқарбайдың бұқасы» (2000), «Ит базары» (2001) секілді әңгімелерінің негізгі өзегі де бүгінгі күннің оқиғалары, кейіпкерлері жаңа заманның адамдары. «Жалдамалы күйеудегі» (инженер) Баймырзаның өз бала-шағасын тастап, басқа бір бай әйелге (Айсұлу) кетіп қалуы өмірден алынған шындық. Шағын әңгімелерінде ауыл өмірінің көркем суреттерін жасаған Т. Нұрмағамбетовтің тәуелсіздік тұсында жазылған «Анасын сағынған бала» әңгімесі тоқсаныншы жылдардағы өмір шындығына негізделген. Шаруашылықтар тарап, ауылдағы ер азаматтардың бәрі жұмыссыз қалған тұста бала-шағаны асырау қамымен әйел-аналардың ала қапты арқалап қалаға ағылғаны белгілі. Қала кезген ана мен ауылда қалып, Алматыдан келген Есмағамбеттен анасының хабарын күткен Сержанның үш күндік әңгімесімен сол тұстағы ауылдың қайғылы халі көркем бейнеленген.

Қазақ әдебиеті дамуының желісінде әдеби тек жанрларының жаппай дамуы ХХ ғасырда өрістеді. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі әдеби тек (эпос, лирика, драма) жанрлары әлем әдебиетінің классикалық деңгейіндегі туындылар болып саналады. Қазіргі қазақ әдебиетінің дамуында ұлт тарихының ежелгі замандардан қазіргі кезеңге дейінгі аралығында бұрын кең түрде қамтылмаған ақтаңдақ беттерін толық қамтып жазу үрдісі кеңінен өрістеуде. Сонымен бірге, көркем шығарманың мазмұны мен пішінде бұрынғыдай саяси-идеологиялық қатаң бақылауға, шектеуге жалтақтап жазудан да арылған хал-ахуал қалыптаса бастады.

Қазіргі қазақ романындағы дәуір, тарих және заман мәселесі.

Әдебиеттану ғылымының зерттеулеріне тақырып нысаны болып келе жатқан роман жанрындағы шығармалар сөз өнері үдерісіндегі өзектілігімен ерекшеленеді. Роман – адам тағдырын кең тынысты көркем шындықпен суреттейтін эпикалық туынды. Қазіргі қазақ романы әлем әдебиеті дамуы үдерісіндегі классикалық үлгілермен сабақтаса, үндесе дамуы жолында жанрлық сипатын жетілдіру бағытын үздіксіз жалғастыруда. Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының классикалық түрлері (тұрмыстық-әлеуметтік роман, деректі роман, мемуарлық роман, тарихи роман, философиялық роман, публицистикалық роман, детективті роман, психологиялық роман, т.б.) де әдеби үдерістегі эстетикалық тағылымымен танылуда. Бұл орайда қазіргі қазақ әдебиетіне қосылып жатқан жаңа романдардың романтизм мен реализм көркемдік әдістерімен жазылу ұстанымдарының айқын екендігін айта аламыз. Қазіргі қазақ прозасының романдары – ұлттық және жалпы әлемдік әдеби үдеріс қозғалысы жүйесіндегі шығармалық еңбек нәтижелері. Қазақ тарихының кезеңдерін қамтыған алдыңғы толқын жазушылар ізімен кесек туындылар жазған кейінгі толқын қаламгерлер шоғыры қазіргі қазақ оқырмандарының ұлттық-тарихи санасын оятуға, жаңаша қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Бұл орайда, І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы (роман-хамса)», С.Елубайдың «Ақ боз үй» (роман-трилогия), Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», С.Жұбатырұлының «Абыржы», Т.Ахметжанның «Ақиқат жолы», М.Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы», Ғ.Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал», С.Досановтың «Қылбұрау», «Ұйық», Қ.Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны», т.б. романдарын ерекше айтуға болады.

Тарихилық – қандай да бір тарихи дәуір келбетін жанды суреттер, нақты адам тағдырлары мен мінез-сипаттары ар қылы танытатын көркем әдебиеттің басты белгілерінің бірі. Тарихилық кең мағынасында өз заманын немесе ерте дәуірді суреттеген барша көркем шығармаларға тән. Мұны шығармада бейнеленген кезеңнің түрлі ерекшеліктерінің сақталуы әрі бұл әр дәуірдің көркем туындыларына ортақ деп түсінеміз. Қазіргі әдебиетте тарихи тұлғаны

таныту, оның өмір кезеңдерін, қоршаған ортасын, жеке мінез-болмысын суреттеуге деген қызығушылық өсті. Оның басты себебі тәуелсіздік алғаннан кейін еңсемізді тіктеп, тарихқа қайта үніліп, бар-жоғымызды түгендедік.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тарихи тақырыпқа арналған романдар жарық көрді. Кеңес дәуірі кезінде шынайы айтылмай, бұра тартылған тақырып арнасы бұл кезеңде тереңдей ашыла түсті. Рамазан Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы”, Қалмұқан Исабаевтың “Серт”, “Шоң би”, Кәдірбек Сегізбаевтың “Беласқан”, Қабдеш Жұмаділовтың “Дарабоз”, Софы Сматаевтың “Жарылғап батыр” (өлеңмен жазылған роман), Ұзақпай Доспанбетовтың “Қызыл жолбарыс”, Хасен Әдібаевтың “Отырар ойраны”, Әнес Сарайдың “Еділ-Жайық”, Тұрсынхан Зәкенұлының “Көк бөрілердің көз жасы”, Жанат Ахмадидің “Шырғалаң” т.б. романдарын атауға болады.

Жазушы Рамазан Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы” романы 1999 жылы жарық көрді. Ұлы Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасында жазушы ақын өмірінің барлығын қамтып, туғаннан бастап дүниеден өткен шағына дейін уақыт кеңістігінде, тұтас бір дәуір панорамасын толық көрсетуді мақсат еткен.

Автордың бұл роман-хамсасы бірнеше бөлімнен тұрады:

Біріншісі – Толғақ.

Екіншісі – Жұлдыз құрбандық.

Үшіншісі – Қызғаныш.

Төртіншісі – Хақиқат мекені.

Бесіншісі – Нұр сипат.

Бірқатар қаламгерлеріміздің «Әуезовтен кейін Абайға барудың не қажеті бар» деп қызығушылықпен де, қызғанышпен де қарағандар болды.

Жазушының М. Әуезовтен кейін бұл тақырыпқа бару себептері де жоқ емес. Біріншіден, романның прологіндегі «Ілтифат хат» деп аталатын тұсында ұлы М. Әуезовтен кейін бұл тақырыпқа баруын былай түсіндірген: *«Мұхтар Әуезов “Абай жолы” эпопеясында ақын өмір сүрген дәуір мен оның*

айналасына күн көзіндегі күшті жарық түсірді. Бірақ “елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан” деген сөз бар, енді қайтып айналып келмейтін Абайдың қатпары мол дәуірі санада ол роман бойынша өзгермей сақталғанымен, Абайдың өзі заман озған сайын сан түрге еніп, әр жайда құбыла көрініп, көп сөздеріне уақыт ыңғайымен басқа түсініктер енеді. М. Әуезов Абайдың әрі салса дәуірін, бері салса бір қабат өмірін көркемдікпен шебер бейнелеп берді. Бірақ Абай поэтикасының қуатты көзі, өзінің жұмбақтығы “толық ашылды, шешілді” деп ешкім де тұжырып айта алмас. Мен Абайды жазуға мүлде басқа қырынан келемін». **Екіншіден**, шығармашылық иесі Абай ақынның ішкі жан дүниесін мейлінше ашуға, сол арқылы бүкіл адамзаттың бойындағы қасиеттерді көрсетуге күш салған. **Үшіншіден**, әр адам Абайды өз танымының елегінен өткізіп барып, бейнелейді.

*Роман-хамсадағы кейіпкерлерге ден қойғанда байқағанымыз - жазушы бейне сомдауға шебер. Жазушының шығармасындағы Құнанбай, Қодар, Кенесары, Абай, Ербол, Зере, Шоқан, Тәттімбет, Алшынбай, Ұлжан, Тоғжан, т.б. - өмірде болған адамдар. Автор олардың әрқайсысының жекелеген кейіптерін келтіре отырып, сол кезде өмір сүрген адамдардың типтік бейнесін жасауды мақсат тұтады. Р. Тоқтаров туындысындағы жан-жақты ашылған, тұтас сомдалған типтік бейнелердің бірі – Қодар. Бұл бейнені автор: «Енді, міне, жуан торы атының үстінде өңкиіп, қанын ішіне тарта сұрланып өзі келе жатыр. Бергі қабақтағы қалың қауды қабырғалап өте бере іш киімінен басқасын шешіп тастап, қолындағы жарқ-жұрқ еткен бірдемесін ерсілі-қарсылы құлаштай сермен жүрген еңгезердей зор денелі туысқанын көрді. Қодар – осы. Ол-дағы өзіне қарай тура салып келе жатқан Құнанбайды қиядан шалып, қолындағысын анадай жерге лақтырып тастай беріп, белін жазып тұра қалды. Бұл күндері елуді иектеп қалса да әлі жас жігіттей, өн-бойының бұлшық еттері жылтырай тырсия сыртқа теуіп тұр», - деп бейнелеуіндегі Қодар Құнанбайдың қандасы, әрі елдің бетке ұстар азаматының тұлғасы.

*Автор Абайға мінездеме беріп жатпай, басқа бейнені сөйлету, ойланту арқылы оқиғаларды ұтымды дамытады. Халық арасында білім мен парасат таратушы Мұса Шормановтың Абайға деген көзқарасы роман-хамсада былай беріледі: *«Мұса Абайдың сөйлеген сөзінен гөрі, айналасына нұр жаудыра қарайтын қарашықтары өткір, марғасқа жүзіне қарап іштей сүйсініп, шексіз риза болып отырды. Орта жүздің гана емес, бар қазақтың төбесінен шалқып тұтанғалы тұрған шамшырағы секілді, тағдыр оны осы кесепат халге дүниеге атын шығару үшін әдейі душар етіп қойғандай екен. Абайды ол алғаш жиырмадан жаңа асқан балаң жігіт кезінде көріп еді, ондағы түрінен өзгермегені - әсем қиылған қызғылт еріндері мен төңірегіне нұр шаша қарайтын жарқырауық үлкен көздер. Одан бергідегі өзгерісі – шықшыт сүйектері, мойныбасы етейіп, мұрнының дөңі ұлғая, сақал-мұрты ұзара қалыңдай түсіпті. Бұл көргенде, жасында ол қараторылау сықылды еді, қазір толысқандыкі ме, екі бетінің ұшына иман үйіріліп, кең маңдайы қақтаған күмістей теп-тегіс жазылып, дүйім ажары сыртына біте ақшыл-күрең тартыпты»,* - деп екінші біреуге әңгіме айтқызу арқылы кейіпкердің қиыншылықтарды жеңу жолындағы істерін суреттейді.

XX ғасырдың 90-жылдары қазақ елі ежелгі арманы тәуелсіздікке қол артқанда, тарихи роман тың серпін танытып, мұның алдындағы туындыларда жеріне жеткізе қазылмаған, аршылмаған көп жаңалық, ақиқаттарды бүкпелемей, сыздықтатпай, бар дауыспен ашық айтып берді. Бұл ретте алдымен ауызға алынатын шығарма жазушы Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» роман-диологиясы», деп бағаланған (Ш. Елеукенов).

•“Дарабоз» романындағы ежелден еркіндік аңсаған қазақ халқының болмысы шынайы суреттеледі де, халық тарихында қалған батыр тұлғаларымен байланыстырылады. Ел басына күн туғанда етігімен су кешетін ер Қабанбай батырлық пен қаһармандықтың бейнесіндей. Ол қолына қару ұстаған батыр, кеудесінде ұлтын сүйген жүрегі атқақтай соққан ер. Автордың мақсаты «ұзақ жылдар архивтің шаңын қаға отырып, тарих жасаушылардың бұрмалаған фактілерін орын-орнына қойып, белгілі бір жүйемен баяндау».

• Туынды тарихи оқиғаны эпикалық сипатта кеңінен қозғай отырып, көркем тілмен сенімді баяндайды.

• *“Ата-анасының бесікке саларда азан шақырып қойған аты Қабанбай да, Дарабоз да емес, Ерасыл болатын. Өзіне керемет ұнайтын. Ойлап отырса, уайым қайғының не екенін білмейтін, ең алаңсыз, бақытты шағы да сол Ерасыл боп жүрген кезі екен».* Енді Қабанбай болғалы өзінің атына зар болып қалады. Еліне Қабанбай атанған ердің ішкі ойы, мұңы да жетерлік: *«Адамдар бақуат, бейбіт өмірге әбден зарығып, шөлдеп қалған екен-ау. Осы соғыс деген пәленің қайғызар, азап-сордан өзге адамзатқа берері бар ма? Бірақ, амалың қайсы, әлімжеттік, зорлық бар жерде соғыс жалғаса береді... Ел намысы, ата кегі зой шыдатпайтын».*

Романда жазушы қай кейіпкерін де бірнеше қасиеттерімен тоғыстыра көрсетеді. Батыры да, ел басқарған биі де тереңнен толғап, жүйелі де жеріне жеткізе сөйлейтін шешен әрі көреген.

• Мәселен, Төле би: *«Мен кәрі сүйегімді сүйретіп, жат қолында қалған сонау Ташкенттен келгенде, жүрегімді жарған екі үлкен арман болатын. Оның бірі - кешегі Әз-Тәукенің алтын тағын, ту тіккен ордасын көріп, көңілімді бір демдеу еді, ол арманым орындалды. Бұдан кейін хан кеңесіне келіп, ағайынның алтын жүзін көремін бе жоқ па, ол жағы Алланың ісі.. Екіншісі - ата жұрттың жау қолынан ада-күде тазарып, азат-еркін ел болғанын көріп өлсем деуші едім. Арман шіркін алтайы түлкідей бұлаңдап, жеткізбейтін сиқы бар ма, қалай?! - деп ентігін басып сәл отырды. Өмірі басына нұқта кимеген, көзіне қамшы тимеген азат-асау ел едік. Тегінде қасиетті халқымыздың қазақ деген есімі - азат деген сөзбен төркіндес. Азаттықтан айырылғаны қазақтың құрып біткені... Міне, Ұлы жүз ұрпағының жоңғарға қарап қалғанына алдына елу жыл, артына отыз жылдай уақыт өтті. Халықты артық қан төгістен, үркін-босқыннан аман сақтап қалу үшін, амал жоқ, Халдан ханмен тіл табысуға тырыстық. Маңдайыңа құлдық таңбасы бір басылса, ол оңайшылықпен өшпейді. Қалмақтан қағажу көргеніміз аздай, енді отбасы отаныңды орысқа*

билетпексіңдер ме? Бодан-бодан дейсіңдер. Боданнан - құл туады, құлдан - жетесіз, жасық ұл туады... Сонда болашақ ұрпақтың жайы не болмақ?!».

Романда елдің сол кездегі хал-жайы, қонысы мен көршілес отырған елдермен қарым-қатынасы, ойын-той, салт жоралғы да өз кезегінде сәтімен өріліп отырады. Ер Қабанбай осы ел ішіндегі жайттарды да көз алдында ұстап, жөн айтып, кеңес беріп, игілікті істің бастаушысы болып суреттеледі. Әрине, ел ішіндегі алаңдаудың бастысы - төтеннен келген жаудың тырнағына ілігіп кетпеу. Үнемі ат пен қару-жарақтың әзірлігі батырлардың сергектігі қажет-ақ. Осы тұста ел басшылары да өз дерінің кесімді байлауларын айтып, елдің тізгінін босатпауды көздейді.

• Абылай: *«Ақырғы айқастың ауыр жүгі, Орта жүз, тағы да өздеріңе түскелі тұр. Бұл «киіз кімдікі болса – білек соныкі» дегендігім емес, биылғы жағдайдың өзі осыған әкеліп отыр. Арқаның қатал қысынан жілік майы үзіліп, жүдеп шыққан жұртың мынау. Жаудың қолы жағасынан ажырап, тынысы сәл кеңіген күні құдайын ұмытып, өзгеде ісі болмайтын етекбасты еліңнің түрі анау... Өзіңнен басқа кімге сеніп, кімді аужал тұтарсың. Сондықтан осындағы хан мен сұлтан, батыр мен би, жыршы мен жырау ертеңнен бастап атқа қонып, ер-азаматты ту түбіне жинайтын болайық!»*

Қазіргі қазақ драматургиясы.

Қазіргі қазақ драматургиясы – қазақтың ХХ ғасырдағы классикалық әдебиеті дамуының заңды жалғасы. Драматургия – көркем әдеби тек (драма, трагедия, комедия) жанрларының өнернамалық жүйесі. Қазақ сөз өнеріндегі дәстүрлі негізі әдебиет шығармалары мен фольклор мұраларында (би-шешендер сайыстары, ақындар айтыстары, жар-жар, беташар, алтыбақан, т.б.) негізі қаланған ұлттық сөз өнерінің бұл саласы қазақтың рухани мәдениетінің әлем өркениетіндегі көрнекті орнын да танытты. Драматургия шығармалары қаламгерлердің тарихи кезеңдердегі халық тағдырын көркем шындық поэтикасы заңдылықтары аясында бейнелеуімен ерекшеленеді. Драматургия туындылары (пьесалар, спектакльдер, либреттолар) арқылы әдеби тек саласы драма жанрларының (драма, трагедия, комедия) теориялық ерекшеліктері

саралана айқындалады. Драматургия ұғымының аясында театр сахналарындағы туындылар мен деректі, ғылыми-фантастикалық, көркем фильмдердің де қойылымдық-режиссуралық көркемдік шешім ерекшеліктері айқындалады.

Қазақ драматургиясы – әлем өркениетіндегі классикалық жанрлар үлгілерімен үндес туындыларымен өзіндік даму белестерінен өтіп келеді. XX ғасырдың басындағы қазақ драматургиясы К.Тоғысовтың «Надандық құрбаны» (1915), Ж.Аймауытовтың «Рәбиға», «Ескерту», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар», «Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз», Қошмұхаммед (Қошке) Кемеңгеровтің «Алтын сақина», «Парашылдар», «Ескі оқу», М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз», «Абай», «Хан Кене», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Айман-Шолпан», «Тас түлек», «Шекарада», «Түнгі сарын», «Сын сағатта», «Намыс гвардиясы» (Ә.Әбішевпен бірігіп жазған), С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолына», Б.Майлиннің «Шаншар молда», «Ел мектебі», «Неке қияр», «Айша», «Сәлде», «Көзілдірік», «Майдан», «Аманкелді» (Ғ. Мүсіреповпен бірігіп жазған), І.Жансүгіровтің «Кек», «Түркісіб», «Біздің жігіттер», «Исатай-Махамбет», С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», «Күрес күндерінде», Ғ.Мүсіреповтің «Аманкелді» (Б. Майлинмен бірігіп жазған), «Ақан сері – Ақтоқты», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» операсының либреттосы т.б. көрнекті драматург-қаламгерлердің, Ә.Тәжібаев, Ә.Әбішев, М.Ақынжанов, т.б.) пьесалары-спектакльдері ұлттық әдебиет пен театр өнерін дамытуға мол үлес қосты.

Қазақ драматургиясының жаңа толқын қаламгерлермен толығу кезеңі – XX ғасырдың 60-70 жылдары. Бұл кезеңдегі қазақ драматургиясына қосылған қаламгерлер Қалтай Мұхамеджанов, Қанабек Байсейітов, Қуандық Шаңғытбаев, Тахауи Ахтанов, Сәкен Жүнісов, Әкім Тарази (Әкім Әшімов), бұлармен ілесе Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкеев, Қалихан Ысқақов, Баққожа Мұқаев, Оразбек Бодықов, Дулат Исабеков, Асқар Сүлейменов, Софы Сматаев, Төлен Әбдіков, Нұрлан Оразалин, Иранбек Оразбаев, Сұлтанәлі

Балғабаев, Жолтай Әлмашұлы, Роза Мұқанова, т.б. қаламгерлер қазақ драматургиясының көркемдік-эстетикалық қазынасын байыта түсті.

Бүгінгі күнде драматургияның шарттарына сай түрде жазылған мынадай туындыларды атауға болады: Қалихан Ысқақовтың «Қараша қаздар қайтқанда», «Таңғы жаңғырық», «Есенеі – Ұлпан», «Жан қимақ», «Сабатаж!», «Қылкөпір», «Мазар», «Ерліктің екі сағаты», «Апатай», «Жәке-Жәкетай», «Сайқының тұқымдары», «Қазақтар» (Шахимарденмен бірлесіп жазған) барлығы жиырмаға жуық пьесасы бар.

Дулат Исабековтің пьесалары да әралуан тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерімен әдебиетіміздің драматургия саласының дамуы қорын молайтты. Драматургтің «Ректордың қабылдау күндері» (1975), «Өпке» (1982), «Ертеңді күту» (1979), «Мұрагерлер» (1982), «Алыстан келген ананас» (1984), «Кішкентай ауыл» (1986), «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Алтын тордағы топты» («Актриса»), «Ескі үйдегі екі кездесу», «Тор» пьесалары театрлар сахналарында үздіксіз қойылуда. Қаламгердің «Жеті желкен» (1987) атты таңдаулы пьесалар жинағы жарық көрген.

Иранбек Оразбаевтың (Иранғайып) «Хайуандық комедия», «Алтын адам», «Естайдың Қорланы», «Қорқыттың көрі», «Махамбет», «Мауглидің оралуы», «Шоқан», «Мен ішпеген у бар ма?..», «Былыққа батқан қала» пьесалары бар.

Нұрлан Оразалиннің «Шырақ жанған түн», «Тас киіктер», «Ақ құс туралы аңыз», «Қара қазан ғасыры» пьесалары оның ақындық сыршылдығы ықпалындағы лирикалық, психологиялық сарындылығымен ерекшеленеді.

Сұлтанәлі Балғабаев – қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті драматург-қаламгер. Жазушының «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі» пьесаларында өмір шындығының сан түрлі мәселелері камтылған.

Қазіргі қазақ драматургиясы – қазақтың ХХ ғасырдағы классикалық әдебиеті дамуының заңды жалғасы. Драматургия – көркем әдеби тек (драма, трагедия, комедия) жанрларының өнернамалық жүйесі. Қазақ сөз өнеріндегі

дәстүрлі негізі әдебиет шығармалары мен фольклор мұраларында (би-шешендер сайыстары, ақындар айтыстары, жар-жар, беташар, алтыбақан, т.б.) негізі қаланған ұлттық сөз өнерінің бұл саласы қазақтың рухани мәдениетінің әлем өркениетіндегі көрнекті орнын да танытты. Драматургия шығармалары қаламгерлердің тарихи кезеңдердегі халық тағдырын көркем шындық поэтикасы заңдылықтары аясында бейнелеуімен ерекшеленеді. Драматургия туындылары (пьесалар, спектакльдер, либреттолар) арқылы әдеби тек саласы драма жанрларының (драма, трагедия, комедия) теориялық ерекшеліктері саралана айқындалады. Драматургия ұғымының аясында театр сахналарындағы туындылар мен деректі, ғылыми-фантастикалық, көркем фильмдердің де қойылымдық-режиссуралық көркемдік шешім ерекшеліктері айқындалады.

Қазақ драматургиясы – әлем өркениетіндегі классикалық жанрлар үлгілерімен үндес туындыларымен өзіндік даму белестерінен өтіп келеді. ХХ ғасырдың басындағы қазақ драматургиясы К.Тоғысовтың «Надандық құрбаны» (1915), Ж.Аймауытовтың «Рәбиға», «Ескерту», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар», «Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз», Қошмұхаммед (Қошке) Кемеңгеровтің «Алтын сақина», «Парашылдар», «Ескі оқу», М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз», «Абай», «Хан Кене», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Айман-Шолпан», «Тас түлек», «Шекарада», «Түнгі сарын», «Сын сағатта», «Намыс гвардиясы» (Ә.Әбішевпен бірігіп жазған), С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолына», Б.Майлиннің «Шаншар молда», «Ел мектебі», «Неке қияр», «Айша», «Сәлде», «Көзілдірік», «Майдан», «Аманкелді» (Ғ. Мүсіреповпен бірігіп жазған), І.Жансүгіровтің «Кек», «Түркісіб», «Біздің жігіттер», «Исатай-Махамбет», С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», «Күрес күндерінде», Ғ.Мүсіреповтің «Аманкелді» (Б. Майлинмен бірігіп жазған), «Ақан сері – Ақтоқты», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» операсының либреттосы т.б. көрнекті драматург-қаламгерлердің (Ж.Шанин, Ә.Тәжібаев,

Ә.Әбішев, М.Ақынжанов, т.б.) пьесалары-спектакльдері ұлттық әдебиет пен театр өнерін дамытуға мол үлес қосты.

Қазақ драматургиясының жаңа толқын қаламгерлермен толығу кезеңі – ХХ ғасырдың 60-70 жылдары. Бұл кезеңдегі қазақ драматургиясына қосылған қаламгерлер Қалтай Мұхамеджанов, Қанабек Байсейітов, Қуандық Шаңғытбаев, Тахауи Ахтанов, Сәкен Жүнісов, Әкім Тарази (Әкім Әшімов), бұлармен ілесе Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкеев, Қалихан Ысқақов, Баққожа Мұқаев, Оразбек Бодықов, Дулат Исабеков, Асқар Сүлейменов, Софы Сматаев, Төлен Әбдіков, Нұрлан Оразалин, Иранбек Оразбаев, Сұлтанәлі Балғабаев, Жолтай Әлмашұлы, Роза Мұқанова, т.б. қаламгерлер қазақ драматургиясының көркемдік-эстетикалық қазынасын байыта түсті.

Бүгінгі күнде драматургияның шарттарына сай түрде жазылған мынадай туындыларды атауға болады: Қалихан Ысқақовтың «Қараша қаздар қайтқанда», «Таңғы жаңғырық», «Есеней – Ұлпан», «Жан қимақ», «Сабатаж!», «Қылкөпір», «Мазар», «Ерліктің екі сағаты», «Апатай», «Жәке-Жәкетай», «Сайқының тұқымдары», «Қазақтар» (Шахимарденмен бірлесіп жазған) барлығы жиырмаға жуық пьесасы бар.

Дулат Исабековтің пьесалары да әралуан тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерімен әдебиетіміздің драматургия саласының дамуы қорын молайтты. Драматургтің «Ректордың қабылдау күндері» (1975), «Әпке» (1982), «Ертеңді күту» (1979), «Мұрагерлер» (1982), «Алыстан келген ананас» (1984), «Кішкентай ауыл» (1986), «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Алтын тордағы топты» («Актриса»), «Ескі үйдегі екі кездесу», «Тор» пьесалары театрлар сахналарында үздіксіз қойылуда. Қаламгердің «Жеті желкен» (1987) атты таңдаулы пьесалар жинағы жарық көрген.

Иранбек Оразбаевтың (Иранғайып) «Хайуандық комедия», «Алтын адам», «Естайдың Қорланы», «Қорқыттың көрі», «Махамбет», «Мауглидің оралуы», «Шоқан», «Мен ішпеген у бар ма?..», «Былыққа батқан қала» пьесалары бар.

Нұрлан Оразалиннің «Шырақ жанған түн», «Тас киіктер», «Ақ құс туралы аңыз», «Қара қазан ғасыры» пьесалары оның ақындық сыршылдығы ықпалындағы лирикалық, психологиялық сарындылығымен ерекшеленеді.

Сұлтанәлі Балғабаев – қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті драматург-каламгер. Жазушының «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі» пьесаларында өмір шындығының сан түрлі мәселелері камтылған.

Тәуелсіздік қазақ драматургиясында тарихи тақырыптарда көркем туындылардың дүниеге келуіне жол ашты. Дегенімін, тәуелсіздік жылдарында әдебиеттің барша жанрында тарихи тақырыптардың жаңғыра белсенді көтерілуі байқалды. Бұл драма жанрына да тән құбылыс.

Бүгінгі күнде қазақ драматургиясының ауыр жүгін көтеріп, беделін арттырған драматургтердің бірі – Шрехан Мұртаза. Бүгінде қазақ театрының сахнасынан орнықты орын алып, тұрақты репертуарына айналған «Сталинге хат», «Бесудің хаты», «Жалғыз үйлік зілзала», «Есек саудасы», «Домалақ ана» пьесалары драматургтің суреткерлік шеберлігін тағы бір қырынан танытты. Сондай-ақ, қазақ драматургиясының қорын байытты.

«Сталинге хат» және «Бесудің хаты» драмаларында «халықтық трагедияны екі тарихи тұлғалардың өмірлік шындығы арқылы құрылған драма-диология» деген еді, Қайым Мұхаммедханов.

Жазушының сүйікте кейіпкері Тұрар Рұсқұловты сахнаға әкеліп, халықтық трагедияны оқырманға тереңдей таныту драматургтің қол жеткізген жетістігі. Қазақ даласына Голощекин саясатының апат әкелгенін Сталинге хат жазған Тұрар әрекеті, ұлттың үлкен қасіретін жанымен түйсініп, оған жүрегімен қиналғаны «Сталинге хат» драмасынан барынша көрініс тапқан. «Қыл көпір» романының соңғы тарауларындағы Сталин мен Рысқұлов арасындағы сөз қағысулар сахнаға әкелініп, романда тоқталмаған жайттарға каламгер пьесада орын берген. Ашаршылық жылдарындағы ел ішіндегі

жағдайлар терең ашылған. Рысқұлов хатта жазғандарын Сталинге санамалап көрсетіп, Қазақстанға не керек екенін айтады. Соларды талап етеді.

Сталин мен Тұрар арасындағы диалог астарлы ойлар қақтығысына құрылған. Пьесаның соңғы шешіміндегі сахнаның екі бұрышындағы екі қара киінген адам Тұрарды 1937 жылғы зұлматтың құрбаны күтіп тұрғанын меңзейтін символдық кейіпкерлер.

Қаламгер Ш. Мұртаза қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірін зерттеу барысында мынадай түйінді ой айтады: «Мен Тұрар Рысқұловтың өміріне, қайраткерлігіне арнап «Қызыл жебе» атты роман жазу барысына көп ізденіп, көп материалдар жинадым. Рысқұловтың партия алдында, мемлекет алдында атқарған еңбегі орасан. Ол талант иесі айтулы оратор, табиғатынан ерекше туған жан. Ұлан-ғайыр қызметінің бәрін жеткізіп айту да қиын. Ал соншалықты қайраткерлігінде ең ерекше, ерен қимылы неде? деген сұраққа мен: миллиондаған халықты апаттан аман алып қалу үшін жеке басын қатерге тігіп, ұлы қайрат көрсеткен екі кезеңі дер едім.

Біріншісі – 1918-1919 жылдарда Орта Азияда, Қазақстанда үлкен аштық болды. Сонда Тұрар Рысқұлов аштықпен күрес комиссиясын басқарып, халықты жаппай қырылудан аман алып қалуға барын салды.

Екіншісі – тағы да аштық. 1932-1933 жылдары жаппай ұжымдастыру кезеңінде Қазақстанда өрескіл бұрмалаушылық орын алды. Осының салдарынан халық көпекөрнеу аштыққа ұшырап, өмірде сирек кездесетін нәубетке тап болды», - деп жазады.

«Сталинге хат» екі бөлімді тарихи диалогі Тұрар Рысқұловтың халықты аштық тырнағынан құтқару жолындағы қайраткерлігіне арналады. Бірінші бөлімнен-ақ Тұрардың Кремльдегі Сталин кабинетіне жасқанбай еніп, халықтың қал-ахуалын, елдің зобалаң тырнағына ілінген жағдайын жеткізе айтуынан басталады. Тұрардың мемлекет басшысымен тіл қатысуында өткірлік, ойының нақтылығы аңғарылып тұрады. Сталин кабинетіне үнемі әлде қайдан қаһарлы әрі зарлы әуен естіліп тұрады. Ол кейде Тұрармен ере кіргендей болады. Халықтың да әбден тығырыққа тірелгені ауылдан Тұрардың

қарындасы Тұймағайдың балаларын ертіп, Мәскеуге, Тұрарға келуінен байқалады. Молшылық пен дарқандықтың мекені - қазақ даласының да күйі кеткендігі көрінеді. Елі мен жерінің тағдырын ойлап ширыққан Тұрар Сталинге жазған хатынан жауап күтеді. Ондағы жауап миллиондаған халықтың тағдырын шешпек. Рысқұлов пен Сталин арасындағы диалог тартысты жағдайда өтеді. Екеуінің сөзі де ұтқыр, дәл, бірбірін сынай, бағалай жасалатын тіл қатысулар.

Мысалы:

Рысқұлов: «... Бізде бір ақын:

Әурелікке аралған фани адам,

Бақ пен сордың арасы бір-ақ қадам, - деген екен.

Сталин: Қалай-қалай? Бақ пен сордың арасы бір-ақ қадам. Мұны, сірә, ол ақын Наполеоннан бұрын айтқан болар. Наполеон императорлықтан түскенде: «От великого до смешного один шаг» дегенін білесің ғой?

Рысқұлов: Оқығанмын.

Сталин: Сонымен «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ». Айта бер.

Рысқұлов: Айтсам, Одақта жолдас Сталинсіз күрделі бір мәселе де шешілмейді ғой. Ол шындық. Ал, Қазақстан үшін Голощекин де солай. Басқалар оның бетіне қарсы келе алмайды.

Сталин: (Ары-бері теңселіп, түнеріп жүріп алады). Сонда демократияның аузы буылып, аяғы кісенделгені ғой. Сол ма айтпағың?

Рысқұлов: Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады деген бар. Көлгірсіме деген өзіңіз».

Драмадағы көрініс сайын беріліп отыратын қазақтың адуынды, шымыр күйлері заман күйін, драмадағы психологиялықтар тыс сипатын тереңдете түседі. Сталинді осы бір құдіретті әуен сескендіргендей. Ол Тұрарды «Түркістанның Шығыс ханы» атап, негізді, дәл тілек-талаптарын орындайды.

Осы ашаршылық кезеңінің ащы шындығы «Бесеудің хаты» пьесасының да басты оқиғасы. Тарихтан белгілі, қазақ даласындағы қасіретті жағдайға ашынған бес қазақ жігіті Голощекин саясатының қателігін, «асыра сілтеу

болмасын, аша тұяқ қалмасын» науқанын әшкерелеп, өлкелік комитетке хат жазған. Бұл өрімдей бес жігіттің халыққа араша сұрап, өз бастарын қатерге тіккені Х. Есенжановтың «Жүнісовтер трагедиясы» романының оқиғасына да енген. Гатауллин, Қуанышев, Дәулетқалиев, Алтынбеков, Мүсірепов сияқты бес азамат қол қойған бұл хаттың халық тағдыры үшін мәні зор еді. Көрнекті қазақ қаламгері, қазақ әдебиетіндегі алыптар тобының өкілі, суреткер Ғабит Мүсіреповтің азаматтық тұлғасын толықтырар оқиға пьесадағы тартыстың өзегіне алынған.

Қаламгердің келесі «Бесеудің хаты» драмасы 1932 жылғы ашаршылық зардаптарының шындығын көрсетуге құрылған. Сол кезеңдегі асыра сілтеудің нақақ құрбаны болған халықтың жағдайын көрсетуге құрылған екі бөлімді тарихи драма бірден шиеленіскен оқиғадан басталады. Қазақстандағы жағдайдың барысын баяндаған бесеудің хатын талқылаған бюро мүшелері түн ішінде шұғыл мәжіліске жиналады. Голощекин «Бесеудің хатына» ызалы. Жантоқов, Құрамысов, Исаев, Иванов, Елеусіздер әр қилы пікірлер айтып, хат авторларына қатысты мәселелерді талқылауда. Оларды жеке-жеке шақырып, айыптауда. Бесеу: Мүсірепов, Гатауллин, Алтынбеков, Қуанышев, Дәулетқалиев ел ішіндегі ауыр жағдайды жеткізгені үшін жазалы болады. Голощекин ызғарынан ықпаған Мүсірепов хатта жазылғанды көзбен көруді ұсынады. Келесі көріністе Қорқыт күйі зарлаған, шибөрілер шулаған сұрқай далаға, өлі ауылға Нұрхан ақын мен Мүсірепов келеді. Жиһазы бұзылмаған иесіз үйлер, аштық құрбандары, бесіктегі жансыз сәби, талықсыған ана. Осы көріністі қара дию мен ібілістер тіпті де қоюлата түседі. Осы көрініс аясында Нұрхан ақынның жыр-реквиемі естіледі:

Жалғыздап қадақ ел қалған,

Есіктері ашылып,

Сирағы сидам сырықтай,

Білегі күйген шыбықтай,

Саусағы салған сүліктей,

Табаны қара сүріктей

Тырнағы темір күректей,
Мас болғандай маужырап,
Сүйектері саудырап,
Қыбырлаған неткен жан.

Пьесаның әр суретінде қазақтың бір күйі («Көкіл», «Ақсақ құлан», «Заман-ай») беріліп, пьеса өзегіндегі тартыстың мәнін аша түседі. Қазақтың зауал шақтағы тұрмыс-күйі, жазықсыз шеккен жаза, іштен тынған нала терең ашылады. Осы зауал шақтың суреті тамұқпен пара-пар суреттеліп, халықтың көз жасына қалғандарды тіпті тамұқ та қабылдамас деген үкім айтылады. Шығарма эпилогі тіпті де адамның сезім-күйіне терең әсер береді. Өрден шыға келген екі елес Рысқұлов пен Мүсірепов арғы беттегі әрекеттерге таңқала қарайды.

Мүсірепов: *От ішінде ойнақ салған әлденелер... Олар кімдер, Тұрар аға?*

Рысқұлов (көтеріңкі): *Жарық дүниеде жазықсыздарға жапа шеккізген озбырлар. Қиянатшыл бәлеқор-жалақорлар. Әділет тағынан тайғандар. Пейілі жаман пенделер. Одан әрі Голощекин, Сталин... табанынан бүрі кетіп, тозақтың мейманына айналғандар.*

Драматург халық ұғымындағы қарғыс, зауал, қатер деген ұғымдардың мәніне мән үстеп, халық қаһарының күшін танытады. Тағдырдың өзі кімнің кім екеніне баға беріп, асып кеткенді құрықтап, жетпегенді жеткізеді. Бұл өмірдің заңы. Автор осылайша түйін түйіп, тарих тегершігіне түскен тағдырлардың анықтап береді. Пьесадағы қоғам мен заман, әділдік пен әділетсіздік, күшті мен әлсіздің тайталасы көрінеді. Заман зары, халық қайғысы алма-кезек ауысқан тартысты оқиғалар аясында шынайы ашылады. «Бесеудің хаты» халық тағдырына ара түседі.

Әбіш Кекілбаев драматургия жанрына үлкен үлес қосқан қаламгер. Әлем әдебиетіндегі классикалық драматургия үлгілерін қазақ тіліне аударумен бірге өзі де осы жанрда төл туындыларын дүниеге әкелді. Тарихи-өмірбаяндық «Абылай хан» атты халықтық-қаһармандық сахналық дастаны еліміз тәуелсіздік алған кезде жазылды. 1998 жылы М. Әуезов атындағы

академиялық драма театрында қойылды. Жазушының прозасында көтерілген ғасырлар бойы халық аңсаған тәуелсіздік, азаттық идеясы осы драмалық туынды арқылы сахнаға шықты. Пьеса үш көріністен тұрады. Бірінші көріністе тарихи аңыздардан мәлім, Абылайдың Сабалақ атанған жас күні суреттелген. Ұрыс даласында қалмақтың батыры Шарышты өлтіріп, батырлығымен көзге түскен сабалақтан Көмей әулие кім екенін сұрайды. Сөйтіп Абылайдың тегі анықталады. Оның азан шақырып қойған аты – Әбілмансұр. Жауға атасы Абылайдың атымен ұрандап шабады.

Пьесаның екінші бөлімінде аң аулап жүріп, қапыда қалмақтардың тұтқынына түседі. Абылайдың жан арпалысы арқылы мінез бітімі ашылған. Ерекше қаһарман туған жас Қалданды да ойға қалдырған. Тұтқынға көңілі кетіп, көмекке келетін Күлпаш сұлу, олардан туған Әмір Сана оқиғалары пьесадағы тартысты күшейте түседі. Абылай зынданнан шешендігімен, тапқырлығымен құтылады. Драматург бұл тұста сөз құдыретіне ерекше мән береді. Әйгілі жыраулардың Абылай ханға қарата айтатын «үш ауыз сөзбен құтылдың» дегенінің мәнісін ашады. Сондағы үш ауыз сөз Әбіш Кекілбаев туындысында былайша беріледі:

«Қалдан: Тауда тарлан ойнай ма, бағлан ойнай ма?»

Әбілмансұр: Тарлан ойнаса – жәріместігінен ойнайды, Бағлан ойнаса білместігінен – ойнайды.

Қалдан: Тар жерде теке тіресе ме?

Әбілмансұр: Теке тіреспейді, текешік тіреседі.

Қалдан: Тірессе не болады?

Әбілмансұр: Екеуі де бөріге бұйырады».

Қалданның астарлы сұрағына Абылай осылайша шешендікпен жауап береді. Абылайдың айбатынан сескенген Қалдан басына азаттық беріп, іргем тыныш болар деген оймен қызы Топышты қосып, еліне аттандырады.

Үшінші көріністе тартыс күшейіп, оқиға ширыға түседі. Ел ішіндегі лаң, бітпес дау суреттеледі. Қазақ шонжарлары қалмақ шапқыншылығынан қорқып, Әмір Сананы қайтаруды талап етеді. Хан баласын Ресейге өткізіп

жіберуге мәжбүр болады. Бір жағынан орыс, бір жағынан қалмақ, бір жағынан қытай қысқанда, оған ел ішіндегі дау қосылып, Абылай сан сауалға жауап іздеп аласұрады. Абылайдың мұндай кезде кеңесшісі, ақылшысы Көмей әулие – тарихтағы Бұқар жыраудың бейнесі. Ханға өктем сөйлеп, кеңес беріп, керек жерінде түзетіп отырған данышпан қарт жалпы қазақ даналығының жиынтық бейнесіндей. Күлпаш пен Топыш, кейуана мен дуана бейнелері бас қаһарманның мінезін танытуда өзіндік роль атқарған.

Пьесада ұлттық мінез бен болмыс айқын танылады. Жалқаулық пен кертартпалық, аяқтан шалу сияқты қазақи мінездерді драматург кейіпкерлердің әрекеттері мен пиғылдары арқылы көрсеткен. Ә. Кекілбаевтің драмасындағы оқиға тізбектері көп жылдарды қамтып, хроникалық тұрғыда беріледі. Абылай хан (1711-1781) - өз уақытының ірі мемлекеттік қайраткері, реформатор, Ресей мен Қытай ортасында жатқан қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтау үшін үлкен еңбек сіңірген, басқару ісінде жаңа ұстанымдарға сүйенген тұлға. Пьесаға негіз болған Абылайдың алғаш таққа отыруы мен оны паналап келген Әмірсана тағдыры. Осы оқиғаның төңірегінде хан тұқымдарының билікке таласы, хан өмірі мен оның саяси жолы, арман-мақсаты, өкініш-наласы бейнеленген. Бір жағынан Ресей қыспағы, екінші жағынан Қытай империясының қазақ еліне көз алартуы, енді ғана тұйықталған Жоңғар жорығы, осылардан сақтану, елді бірлікте ұстау, ағайынның даудамайын басу осының бәрі Абылай үшін ауыр жылдар еді.

Ханның алғаш аты шыққан кезі пьесаның прологі сияқты да, қалған екі бөлімі оның тұтқынға түскен, одан таққа отырған кезеңдері, осы екі желіде Абылайдың саяси мұраттастары мен қарсыластарының бет-бейнесі айқындалады. Екі бөлім - екі кезең. Соның астарында қазақтың іргелі ел болудағы ежелгі арманы жатыр. Абылай өз халқы үшін зор еңбек атқарды, үлгермей, тиянақтай алмай қалғандарын болашаққа аманаттады. Драмадағы тартыс осыны меңзейді. Ә. Кекілбаевтің «Абылай хан» пьесасы – қазақтың кешегісі арқылы бүгінін меңзейтін туындысы.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазіргі қазақ поэзиясының өзіндік ерекшеліктері неде?
2. Жаңа басқыштағы қандай поэзиялық туындыларды білесіз?
3. Тәуелсіздік жылдардағы ақындар шығармашылығының қандай өзіндік ерекшелігі бар?
4. Роман дегеніміз не?
5. Қазіргі қазақ әңгіме жанрының тақырыбы мен идеясы?.
6. Қазіргі қазақ романдарының өзіне тән ерекшеліктері?
7. Тәуелсіздік жылдардағы драматургияның даму бағыты?
8. Ш.Мұртазаның «Сталинге хат», «Бесудің хаты» пьесаларындағы халық трагедия деп қайсы тарихи шындықты ашып берген?
9. Ш.Мұртазаның «Сталинге хат» драма-диалогында қандай тарихи тұлғалар суреттеледі?
10. Ш.Мұртазаның «Бесудің хаты» драмасындағы бес қоғам қайраткерлері жайлы не білесіңдер?
11. Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» драмасы неше бөлімнен тұрады?
12. Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» драмасында қалмақтардың тұтқынына түскен жас Абылай қалай құтылады?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Бектаев А., Турткумбаева Т. Қазіргі әдеби процесс. – Т.: ТДПУ, 2013.
2. Омаров І. Әдеби толғамдар. – А.: 1996.
3. Мақыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.
4. Ахметов З. Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - А.: 1997.

Тест сұрақтары:

№	Тест топшириқлари	Тұғри жавоб	Муқобил жавоб	Муқобил жавоб	Муқобил жавоб
1	«Роман, ұлы Ахаңның (Байтұрсынов) айтуынша, баржоғы – әңгіме. Иә, «ұлы әңгіме». Ал адам жүрген жерде әңгіме пәлсапаланып, өсек өре жөнеледі... Романда толқын-толқын болып туып отырады. Әр	Асқар Алтай	Мархабат Байғұт	Қабдеш Жұмаділов	Дидар Амантай

	тағдыр – бір роман. Кез келген пенденің қысқа өмірі – ұзақ эпос, ұзын әңгіме» - деген пікірдің авторы кім?				
2	Рамазан Тоқтарбаевтың «Абайдың жұмбағы» романы қандай тақырыпта жазылған?	тарихи тақырыпта	саяси тақырыпта	әлеуметтік тақырыпта	тұрмыстық тақырыпта
3	Қ.Жұмаділов «Дарабоз»: «Ақырғы айқастың ауыр жүгі, Орта жүз, тағы да өздеріңе түскелі тұр. Бұл «киіз кімдікі болса – білек соныкі» дегендігім емес, биылғы жағдайдың өзі осыған әкеліп отыр. Үзінді кімнің сөзі.	Абылай хан	Төле би	Қабанбай батыр	Бердіқожа батырдың
4	Дулат Исабековтың драмалары берілген қатарды белгіле?	«Ректордың қабылдау күні», «Әпке», «Кішкентай ауыл»	«Алтын адам», «Естайдың Қорланы», «Шоқан»	«Шырақ жанған түн», «Тас киіктер», «Ақ құс туралы аңыз», «Қара қазан ғасыры»	«Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек»
5	«Мен Тұрар Рысқұловтың өміріне, қайраткерлігіне арнап «Қызыл жебе» атты роман жазу барысына көп ізденіп, көп материалдар жинадым. Рысқұловтың	Ш.Мұртаза	М.Әуезов	С.Мұқанов	М.Мағауин

	партия алдында, мемлекет алдында атқарған еңбегі орасан» - деген пікірдің авторы кім?				
6	Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» пьесасындағы Көмей әулие қайсы жыраудың бейнесі?	Бұқар жырау	Қазтуған жырау	Асан қайғы	Ақтамберді жырау
7	Тәуелсіздік кезінде жарық көрген тарихи романдардың басты ерекшелігі:	халық тарихының көмескі тұстарын айқындап, шындығын ашу, ел, ой-сана тәуелсіздігін көтеру	бұрын белгісіз болған жайттарды суреттеу	елдің бүтіндігін көксеген батыр, билердің, хандардың тағдырын көрсету	тарихты тереңінен тану
8	«Ілтифат хат» деп аталатын кіріспесі, «Жұлдыз құрбандық», «Хақиқат мекені» тараулары бар қай роман?	Абайдың жұмбағы	Абайдан соң	Менің Әуезовім	Абай жолы
9	Қазақ әдебиеті тарихының қазіргі кезеңі қалай аталады?	Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті	Егемен елдің әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	Ояну дәуіріндегі әдебиет
10	Жазушының шығармасында суреттеп отырған өмір құбылыстары мен кейіпкерлер тағдыры туралы айтпақ ойы -	Шығарманың идеясы	Шығарманың тақырыбы	Шығарманың сюжеті	Шығарманың тілі

III. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ

1-практикалық жаттығу: Тіл білімінде парадигма ұғымы.

1-тапсырма.

Парадигма бұл -

Парадигматика бұл -

2-тапсырма.

1. Морфологиялық парадигманы танудың басты белгілері қайсылар?
2. Тіл біліміндегі парадигма ұғымына байланысты еңбектерді талдау?

Бақылау сұрақтары:

1. Парадигма ұғымы дегеніміз не?
2. Морфологиялық парадигманы танудың қандай белгілері бар?
3. Парадигматика дегеніміз не?
4. Синтаксистегі парадигматикалық ұғым дегеніміз не?
5. Парадигма қалай жіктеледі?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. Алматы, «Ғылым», 2002.
2. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы, 1998.
3. Жұбанов А. Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы. – Алматы, 2004.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010.

2-практикалық жаттығу: Қазақ тіл білімінің антропоцентристік дамуы

1-тапсырма.

Антропоцентризм бұл -

Прагматизм бұл -

2-тапсырма:

1. Тілдің танымдық қызметі жайлы отандық ғалымдардың пікірлерін үйреніңіз?
2. «Адам баласының тілі – адам санасының жемісі» жайлы ой толғаңыз?
3. Ә.Қайдардың «Тіл–Этнос–Таным» мәселелері бойынша пікірін үйреніп өз ойыңызды айтыңыз?

4. Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулер әлем ғалымдарының еңбектерінде берілуі?

Бақылау сұрақтары:

1. Тілдердің генеологиялық туыстастығы дегеніміз не?
2. «*Табиғат-Адам-Қоғам*» үштігі контекстінде адамның қызметі неде?
3. Антропоцентризм ұғымы дегеніміз не?

Әдебиеттер:

1. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: “Ана тілі”, 1998.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: “Ғылым”, 1999.
3. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: АНАрыс, 2006.

Қазақ тіл білімінің жаңа бағыттары

1-тапсырма:

1. Компьютер лингвистикасы бұл –
2. Психоллингвистика бұл -
3. Нейролингвистика бұл -
4. Этнолингвистика бұл -

2-тапсырма:

1. Қазақ тіл білімінің жаңа бағыттары қандай еңбектер жарыланған. Мәлімет топтау және талдау жүргізу.
2. Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулер әлем ғалымдарының еңбектерін үйрену?

Бақылау сұрақтары:

1. Компьютер лингвистикасы дегеніміз не?
2. Психоллингвистиканың әдістері мен тәсілдері?
3. Психоллингвистиканың мақсаты не?
4. Нейролингвистика нені зерттейді?
5. Этнолингвистиканың нені зерттейді?

Әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Ана тілі», 1998.
2. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: «Евразия», 1995.
3. Жанпейісов Е. Этнолингвистика. – Ана тілі. -1994.

3-практикалық жаттығу: Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар

1-тапсырма: Әдебиеттану ғылымының салаларын төмендегі кестеге жайластыр және қысқаша анықтама бер.

дәстүрлі тіл білімінің (құрылымдылық парадигма)		

1) **2-тапсырма:** Ұсынылған үлгі бойынша өз мысалдарыңызды келтіріңіздер:

Шығарма	Мазмұны	Пішіні
С.Мұқановтың «Ботакөз» романы	Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы	Көркем жинақталған әдеби қаһармандардың (Асқар, Ботакөз, Амантай және т.б.) күрес пен тартысқа толы тағдыр тіршілігі

3-тапсырма:

- 1) Т. Ыдырысовтың «Очерк туралы ойлар» атты еңбегімен танысып, очерктің түрлеріне қатысты тірек схема жасаңыздар.
- 2) З. Қабдоловтың «Сөз өнері» оқулық-монографиясының 308-311 беттерін конспектілеңіздер.
- 3) «Қазақ театрының тууы мен қалыптасу сырлары» тақырыбына материал жинап, баяндама жасаңыздар.
- 4) Трагедияның, комедияның алғашқы бастаулары жөнінде презентация дайындаңыздар.

Бақылау сұрақтары:

1. Әдебиеттану ғылымының салаларын атаңыз?
2. Мазмұн мен пішін дегеніміз не?
3. Сюжет пен композиция?

4. Атауында антонимдік қарама-қарсылық бар көркем шығармаларды атаңыздар?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1 Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы.- Қарағанды: «Арқо», 2004. 2 Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: «Санат», 2002.

3 Әбдиманұлы О. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық. – Алматы, 2012. – 408 б.

4 Джуанышбеков Н. Введение в литературоведение: учебник. – Алматы, 2007. – 344 с.

5 Ысмайлов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. 6 Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы, 2010.

Қазақ әдебиеті сынының бүгінгі күй-жайы

4-тапсырма. Қазақ сыны тарихына қатысты еңбектерді хронологиялық жағынан қарастыра отырып, олардың эстетикалық-әлеуметтік, әдеби-теориялық мазмұнына сипаттама жасаңыз.

№	Автордың аты-жөні	Кітаптың аты, баспасы, жылы	Кітапқа қысқаша сипаттама
1			
2			
3			

5-тапсырма: Кәсіби сынның, сыншылдық шеберліктің өсу және толысу жолдарын осы тұрғыдан жазылған еңбектерді талдау арқылы дәлелдеңіз.

1. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – Алматы: Жазушы, 1993.

2. Қ.Ергөбек Қарасөз. – Алматы: 2014.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасуына кімдер үлес қосты?

4. 60-90 жылдардағы әдебиет сыны бойынша қандай еңбектер жарық көрді?

5. Бүгінгі қазақ әдебиеті сынының даму үдерісі қай дәрежеде?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Кәкішұлы Т. «Қазақ әдебиеті сынының тарихы». – А.: 1994.

2. Жүсіпова А. Әдеби сын тарихы. – А.: ҚазҰУ, 2008.

3. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – А.: Жазушы, 1993.

4. Ергөбек Қ. Қарасөз. – А.: 2014.

5.Елеуенов Ш. Сын және сыншы немесе сынтану ғылымы туралы толғаныс. // Ақиқат, 1998. № 4.

4-практикалық жаттығу: Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыдан дамуы

1-тапсырма: Әдебиеттің тектері мен түрлерін төмендегі кесте бойынша толтырыңыз?



2-тапсырма: Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыдан дамуына үлес қосқан қандай еңбектер жарыланған. Мәлімет топтау және көркемдік тұрғыдан талдау жүргізу.



Бақылау сұрақтары:

1. Қазіргі қазақ поэзиясының өзіндік ерекшеліктері неде?
2. Қазіргі қазақ әңгімелерінің тақырыбы мен идеясы неде?
3. Қазіргі қазақ романдарының өзіне тән ерекшеліктері?

4. Тәуелсіздіктен кейін жарияланған драмалардағы негізгі көтерілген мәселелер неден тұрады

Әдебиеттер тізімі:

1. Бектаев А., Турткулбаева Т. Қазіргі әдеби процесс. – Т.: ТДПУ, 2013.
2. Омаров І. Әдеби толғамдар. – А.: 1996.
3. Мақпыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.
4. Ахметов З. Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - А.: 1997.

IV. ГЛОСАРИЙ

Методология	зерттеу, әдіс, ілім деген сөздерден алынған термин	Methodology	term derived from the term "study", "learning" and "teaching"
Технология	білімдік ақпараттарды толықтырып, өңдеп, өзгертіп ұсынудың әдістері мен құралдарының жиынтығын, қажетті құралдарды оқу үрдісінде тиімді пайдалана отырып, оқушыларға жеткізе білудің тәсілдері туралы ғылым.	Technology	the science of methods and tools for completing, modifying and modifying educational information, ways to effectively communicate the necessary tools with students in the learning process.
Инновация	Инновация - жаңаша ойлаудың жолы болғандықтан, оқытудың жаңа мазмұндағы түрі.	Innovation	Innovation - this is the new content that is new to the newest.
Инновациялық әдістеме	инновациялық әдіс-тәсілдер мен дидактикалық құралдарды қолдану арқылы білім негіздерін меңгерудің сипатын жаңа технологиялармен толтыруға, өзгертуге бағытталған.	Innovative methodology	innovative methods and the use of didactic tools for learning the latest technologies.
Аударма	әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге	transfer	Reproduction and reproduction of

	көшіріліп қайта жасалуы.		literary works from one language to another.
Әдебиет теориясы	әдеби шығарманың табиғаты мен қоғамдық қызметін зерттейтін және оны талдаудың методологиясы мен методикасын айқындайтын әдебиет жөніндегі ғылымның негізгі салаларының бірі.	Theory of Literature	is one of the main branches of science in literature, which determines the methodology and methodology of studying the nature and social activity of literary art and its analysis.
Дидактикалық әдебиет	(грек тілінен үлгілі, өнегелі, ғибратты) ғылыми-танымдық сипатта түзілген көркем шығармалар.	Didactic literature	(exemplary, Greek, exemplary), literary works of science and cognitive character.
Идея	әдебиет шығармасында өмірдегі жай-жағдайлар, адам тағдыры баяндалғанда, суреттелгенде жазушының сөз болып отырған мәселелерге қатынасы, көзқарасы	Idea	The literature describes the situation in human life, the description of human destiny, the attitude and attitude of the writer to the problem
Кейіптеу (олицетворение)	әр түрлі табиғат құбылыстарына, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп немесе қалайда жан бітіргендей етіп	impersonation	an artistic approach illustrating various natural phenomena, lifeless objects or figuratively animated.

	суреттейтін көркемдік тәсіл.		
Мензеу (синекдоха)	аз бен көпті, үлкен мен кішіні ауыстырып, немесе, бүтіннің орнына бөлшекті айту, жекеше ұғымның орнына көпше ұғымды алу, алмастыру.	synecdoche	small or large, large or large, or, instead of the whole, say this subject, replace the concept of the plural, replace the concept of the plural.
Пейзаж	(франц. – ел, жер) - әдеби шығармадағы жаратылыстың, яки табиғаттың әсем көрінісі, көркем бейнесі.	Landscape	a beautiful image of nature or nature in the creative arts.
Повесть	(орыс тілінен баяндау) – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін қарасөзбен жазылған, көлемді шығарма, эпикалық жанрдың орташа түрі.	The Tale	A versatile composition based on a story story, an average epic genre
Портрет	(француз тілінен бейнеленген) - әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.	Portrait	Describe the appearance of a literary hero, his appearance, his personality.
Интонация дегеніміз	сөйлеу сазы. Ол сөйлеудің ритмі мен үнін, дауыстың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін білдіреді. Интонация мына элементтерден тұрады: өз бен ой екпіні, сөйлеу	Intonation	to sing music. It means that the rhythm and tonight, humility, or glimmering.

	қарқыны, ритмі(ырғағы), пауза(кідіріс),сазы.		
Жанр	әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары.	Genre	some virtuosity of literary works, vetwi profitable literary works
Әдеби процесс	бұл белгілі бір дәуірде, сонымен қатар, ұлттар мен елдердің, аймақтардың, әлемнің күллі тарихи кезендерінде өмір сүріп келе жатқан әдебиеттің тарихи заңды қозғалысы.	Literary Process	This is a legitimate statutory movement in the definition of the epoch, as well as nationalities and countries, regions and literatures all over the world.

V. ҲАДЕБИЕТТЕР ТЇЗЇМЇ

I. Өзбекистан Республикасы Президентининг еңбектери:

1. Мирзиёев Ш.М. Буюк келажакимизни мард ва олижаноб халқимиз билан бирга қурамыз. – Т.: “Ўзбекистон”, 2017. – 488 б.
2. Мирзиёев Ш.М. Миллий таракқийет йўлимизни қатъият билан давом эттириб, янги босқичга кўтарамыз. 1-жилд. – Т.: “Ўзбекистон”, 2017. – 592 б.
3. Мирзиёев Ш.М. Халқимизнинг розилиги бизнинг фаолиятимизга берилган энг олий баҳодир. 2-жилд. –Т.: “Ўзбекистон”, 2018. – 507 б.
4. Мирзиёев Ш.М. Нияти улуғ халқнинг иши ҳам улуғ, ҳаёти ёруғ ва келажакимиз фаровон бўлади. 3-жилд.– Т.: “Ўзбекистон”, 2019. – 400 б.
5. Мирзиёев Ш.М. Миллий тикланишдан – миллий юксалиш сари. 4-жилд.– Т.: “Ўзбекистон”, 2020. – 400 б.

II. Нормативтї құжаттар:

6. Ўзбекистон Республикасининг Конституцияси.–Т.:Ўзбекистон, 2023.
7. Ўзбекистон Республикасининг 2020 йил 23 сентябрда қабул қилинган “Таълим тўғрисида”ги ЎРҚ-637-сонли Қонуни.
8. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 7 февраль “Ўзбекистон Республикасини янада ривожлантириш бўйича Ҳаракатлар стратегияси тўғрисида”ги 4947-сонли Фармони.
9. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2018 йил 21 сентябрь “2019-2021 йилларда Ўзбекистон Республикасини инновацион ривожлантириш стратегиясини тасдиқлаш тўғрисида”ги ПФ-5544-сонли Фармони.
10. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2019 йил 27 май “Ўзбекистон Республикасида коррупцияга қарши курашиш тизимини янада такомиллаштириш чора-тадбирлари тўғрисида”ги ПФ-5729-сон Фармони.
11. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2019 йил 27 август “Олий таълим муассасалари раҳбар ва педагог кадрларининг узлуксиз малакасини ошириш тизимини жорий этиш тўғрисида”ги ПФ-5789-сонли Фармони.
12. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2019 йил 8 октябрь “Ўзбекистон Республикаси олий таълим тизимини 2030 йилгача ривожлантириш концепциясини тасдиқлаш тўғрисида”ги ПФ-5847-сонли Фармони.
13. Ўзбекистон Республикаси Президенти Шавкат Мирзиёевнинг 2020 йил 25 январдаги Олий Мажлисга Мурожаатномаси.
14. Ўзбекистон Республикаси Вазирлар Маҳкамасининг 2001 йил 16 августдаги “Олий таълимнинг давлат таълим стандартларини тасдиқлаш тўғрисида”ги 343-сонли Қарори.
15. Ўзбекистон Республикаси Вазирлар Маҳкамасининг 2015 йил 10 январдаги “Олий таълимнинг Давлат таълим стандартларини тасдиқлаш тўғрисида”ги 2001 йил 16 августдаги “343-сонли қорорига ўзгартириш ва қўшимчалар киритиш ҳақида”ги 3-сонли қарори.

III. Пәнге тиісті әдебиеттер:

16. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. (Вопросы казахского языкознания). – А. Арыс, 2008. – 618-б. 45,0 б.т.
17. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. (Вопросы казахского языкознания). – А. Арыс, 2008. – 587-б. 60,0 б.т.
18. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. (Вопросы казахского языкознания). – А. Арыс, 2008. – 482-б. 40,0 б.т.
19. Мусабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. (Вопросы казахского языкознания). – А. Арыс, 2008. – 469-б. 42,25 б.т.
20. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – А.: Ан Арыс, 2006.
21. Джусупов М., Ибраймов Қ. Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика. – А.: Әлем, 2015. – 231-б. 13,5 б.т.
22. Шунейко А.А. Основы языкознания. Москва, «Юрайт», 2020. – 363 с.
23. Ергөбек Қ. Қарасөз. Алматы, 2014.
24. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. Алматы, 2004. – 224 б.
25. Майкл Райан. Әдебиет теориясы. Астана, 2019. – 292 б.
26. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, «Қазақ университеті», 2006. – 352 б.
27. Қирабаев С.Тәуелсіздік рухымен.– Астана, «Фолиант», 2002-504 б.
28. Жұмабек С. Сын әуені. (әдеби ой-толғаныстар). – Астана, «Елорда», 2001. – 288 б.
29. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары.– Астана, «Фолиант», 2004. – 304 б.

IV. Интернет сайттар:

1. <http://edu.uz> – Ўзбекистон Республикаси Олий ва ўрта махсус таълим вазирлиги.
2. <http://lex.uz> – Ўзбекистон Республикаси Қонун ҳужжатлари маълумотлари миллий базаси.
3. <http://bimm.uz> – Олий таълим тизими педагог ва раҳбар кадрларини қайта тайёрлаш ва уларнинг малакасини оширишни ташкил этиш Бош илмий-методик маркази.
4. <http://ziyonet.uz> – Таълим портали Ziyonet.
5. <http://natlib.uz> – Алишер Навоий номидаги Ўзбекистон Миллий кутубхонаси.